

Мазмұны

1. Жалпы мәліметтер.
2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыс.
3. Ғылыми-экспозициялық және көрме жұмысы.
4. Ғылыми-қор және есеп-сақтау жұмысы.
5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.
6. Онлайн жұмыс
7. Музейдің әдістемелік жұмысы.
8. Бұқаралық ақпарат құралдары мен басылым қызметі.
9. Ғылыми кітапхана және ғылыми архив. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.
Біліктілікті арттыру.
10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.
11. Музейдің қоғамдық активі.
12. Музей қорғанысы.
13. Қорытынды.
14. 2022 жылғы міндеттер.
15. Негізгі көрсеткіштер бойынша есеп.
16. Музей қызметі бойынша есеп (форма №1- жылдық музей).
17. БАҚ музей қызметі туралы

1. Жалпы мәліметтер.



101404 Қарағанды облысы.

Теміртау қ., Metallургтер даңғылы 28/4

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілер үшін 1973 жылдың 6 қарашасында ашылды. Ол төбесі жұмсақ, екі қабатты блок ғимаратында орналасқан. Алғашқысында ғимарат төртінші ықшам аудан сауда орталығына арналған. КСРО МИМ Қарағанды металлургиялық комбинаттың 6.11. 1973 жылғы № 572 бұйрығымен ғимарат ҚТӨМ-ына жалға берілді.

Бірінші қабаттың жартысында азық-түлік дүкені орналасқан. Жалпы аумағы 1098 м², экспозициялық алаң – 700 м², қор қоймасы- 80 м². 1990 жылы музей күрделі жөндеуге жабылды. Ақша құнының құлдырау салдарынан жұмыс көлемі 25% -ғана орындалды.

Ол – ғимаратты жөндеу, сонымен қоса алаңы 80 м² экспозиция салынды – «Палеонтология», «Туған өлке табиғаты».

1996 ж. алдында қатып қалған жылу беру жүйесін қалпына келтіргеннен кейін, музейдің екінші қабаттағы бірінші залдары ашылды. 2001ж. музейдің төбесі күрделі жөндеуден өткен соң, музейдің экспозициялық алаңын қолдануға мүмкіншілік туды.

Мәдени орталықтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік бағдарлама жүзіндегі Жол картасы аясында 2009 жылы музей ғимаратының сыртқы келбеті өңделді және 2010 жылы электр және жылу жүйесі, ішкі бөлмелері, төбе жабындысы жөнделді.

Есеп беру кезеңінде музейде 10 зал жұмыс істейді.

№	Залдың атауы	Ашылған жылы
1	Туған өлке табиғаты	1991
2	Палеонтология	1991
3	Көрме залы	1999
4	«Археология» залы	1999
5	«Этнография және Қазақстан халықтар бірлігі» залы	1999-2001, резк.2006
6	«Қала тарихы» залы	2000, 2005,2011
7	«Еске алу» залы	2000 -2003, 2011
8	«Нумизматика» залы	2001, 2008
9	«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы	2009 ж.
10	Кіші көрме залы	2010 ж.

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Жоспардың құрылу негізі:

- Мемлекеттік бағдарлама «Рухани жаңғыру»
- ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты»
- «Қазақстан-2050» стратегиясы
- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идея
- «Ұлт жоспары - бес институциялық реформаны жүзеге асыру бойыншы 100 нақты қадам»
- «Халық тарих ағымында» бағдарламасы
- «Мәдени мұра» бағдарламасы
- Отаншылдықты тәрбиелеу бағдарламасы
- ҚР мемлекеттік және кәсіби мерекелері
- Ел және қала тарихындағы атаулы күндер

Офлайн и онлайн форматтағы музей жобаларының жұмысы:

- Ұрпақтардың жанды байланысы
- Туған қаланың көшелері
- «Теміртау – естелік суреттер»
- «Отбасымызбен музейге»
- «Қала көшелерін аралай...»
- «Музей барлығы үшін»- мүмкіндігі шектелген балаларға арналған бейімдеу бағдарламасы
- Теміртаулықтардың өмірінен шағын оқиғалар

2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы.

2023 жылғы барлық жұмыс, негізгі мақсаттар мен бағыттарды қамтыған 2022 жылдың соңында бекітілген ғылыми-жинақтау жұмыс жоспары бойынша құрастырылды.

«Қала тарихы» залы

- Қаланың негізгі нысандарының құрылысы туралы фото - бейне материалдарды, қала тұрғындарының естеліктерін жинақтау
- ҚР Тәуелсіздік жылдарындағы емдеу мекемелерінің құрылу тарихы туралы материалдарды жинақтау.
- Теміртау қаласының Құрметті азаматтары туралы материал жинау және буклет шығару.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қаланың дамуына үлес қосқан тұлғалар бойынша «Теміртаудың 100 тұлғасы» бөліміне материал жинақтау.

«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы

- Теміртау қаласының заманауи өндірістік кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- «Бизнестің жол картасы» және ҚИИД Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушы орта және кіші бизнесінің кәсіпорындары туралы материал жинақтау.
- ҚР Тәуелсіздігі жылдарында Теміртау қаласының келбеті қаншалықты өзгергенін бейнелейтін құжат және фото материалдарын жинау.
- Теміртау қаласында мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы.
- Тәуелсіздік күніне арнайы материал жинақтап, іс-шара ұйымдастыру.

Еске алу залы

- ҰОС ардагерлері және Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер туралы материалдарды топтау.
- Теміртау қаласының қорғаныс Департаментімен бірлесе отырып, ардагерлердің майдан жолын, марапаттарын, естеліктерін, қолда бар ақпараттарды өңдеу.

Нумизматика залы

- Экспозиция бөлімдері бойынша экспонаттар жинақтау және сатып алу.
- Айырбастау қорына монеталар мен бондар жинау.
- «Теміртау қаласының банк жүйесі» бөлімін жаңартып, материалдар жинау.

Табиғат залы

- Жаңа интерактив аймақтарын құрастырып, іске асыру.
- Экспозицияның ақпараттық материалы толықтырылды.

Археология залы

- Ерте қола дәуірі пештерінің макеттері бойынша экспозицияны толықтыру.
- Тас еңбек құралдары, «Үңгір адамының» киімі интерактивті аймақты құрастыру.

Этнография залы

- Қазақ ұлттық костюмі туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастыру
 - Костюмдерді зерттеу, тігу.
- «Қуыршақтар көрінісі» жобасының аясында
 - Қуыршақтарды ойластырып, тігу.

Көрме залы

- Теміртау суретшілерінің «Т- АРТ» клубының жұмысы
- Өткізілетін көрмелер бойынша буклеттер мен каталогтар жасау
- Өнер шығармаларын жинақтау: картиналар, мүсіндер, сәндік қол-өнер заттары.
- Өнер туындыларының қор коллекциясының каталогын жасау.

1. Ғылыми – экспозициялық жұмысы

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихына, туған өлке тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, патриоттық және эстетикалық тәрбиеге бағытталды. Музей тұрақты экспозицияны жинақтаумен қатар, өз қорының негізінде және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың жинағы негізінде уақытша экспозицияларды құруды жалғастырды. Ғылыми – зерттеу жұмысының материалдарын қолдана отырып, есеп беру кезеңінде ғылыми құраммен жаңа тақырыптар зерттеліп, ескі экспозициялық тақырыптар жаңа деректермен толықтырылды.

2023 жылғы 16 қаңтар Облыстық өнер музейінің қорынан «Жаз бояулары» тақырыптық көрмесінің онлайн ашылуы өтті.

Көрме облыс музейлері арасында көрмелермен алмасу аясында өткізілді.

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің жинағында кескіндеме, графика, мүсін, сәндік - қолданбалы өнер заттарын қоса алғанда, 10 мыңға жуық өнер туындылары бар.

Көрмеде ұсынылған кенептер әр түрлі уақытта жасалған. Ең көнесі ХХ ғасырдың ортасына жатады. Картиналардың көп бөлігі кескіндемелер, сонымен қоса акварель мен графика да бар.

Барлық жұмыстарды бір тақырыптық сюжет біріктіреді – бұл жаз тақырыбы. Ол натюрморттарда, қалалық және табиғи көріністерде бейнеленген.

Туындылардың авторлары - Қарағандының танымал суретшілері. Олардың арасында ҚР Суретшілер одағының мүшелері - М. Әбілқасов, А.Осипенко, В. Проценко, С. Щеголихин, П. Антоненко, қуғын - сүргінге ұшыраған суретшілер - Л. Усайтис, Г. Гилевский және бірқатар әуесқой суретшілер.

Ашылу салтанатына «Т-Арт» қалалық клубының өкілдері Х. Р. Мұстафина мен Ю. В. Пильтихин қатысты.

Тікелей эфирді Instagram (@temirtau.muzey) сайтында көруге болады.

2023 жылғы 23 қаңтарда «Robotime» экспозициясының ашылуы өтті.

Роботтардың арғы атасы деп атауға болатын алғашқы механикалық құрылғылар ежелгі әлемде (ұшатын ағаш көгершін, қол сермейтін мүсін және т.б.) жасалған. Бірақ робототехникадағы керемет жетістіктерге 20 ғасырда қол жеткізілді. Жетілдірілген алғашқы роботты 1954 жылы өз бетімен үйренген өнертапқыш Джордж Девог жасады, және соның арқасында Джeneral Моторстың қызметкері атанды. Бүгінгі таңда әрбір музей өз жинағында осындай роботтардың біріне ие болуға қуанышты болар еді, бірақ, өкінішке орай, мұндай мүмкіндік жоқ. Оларды келушілерге көрсету мүмкін емес. Біз бұл мәселені басқа жолмен шешіп, осы саланың заманауи жетістіктері арқылы робототехника туралы баяндадық. Бұл мәселеде бізге Теміртау қаласы мен Қарағанды қаласында жұмыс істейтін Робототехника және RoboClub бағдарламалау мектебінің басшылары, педагогтары мен оқушылары көмектесті. Экспозицияны құру үшін Lego конструкторларының бөлшектерін қолдана отырып, Arduino контроллері негізінде жасалған 7 жұмыс істейтін робот моделі ұсынылды. Ұсынылған роботтардың әрқайсысы робототехника бойынша республикалық немесе халықаралық жарыстарға қатысушы болып табылады.

Экспозицияны ашу барысында қонақтар робототехника тарихымен танысты, ал RoboClub мектебінің оқушылары мен педагогтары Қарағанды облысында осы саланың дамуы туралы, өздерінің жетістіктері мен шеберлік құпиялары туралы айтып, өз өнертабыстарының нәтижесін көрсетті.

2022 жылдың 26 қаңтарда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде Теміртау тарихи-өлкетану музейінің 50 жылдығына арналған «Алғашқы жәдігер» атты экспозицияның ашылуы өтті.

Қалалық музейді құру идеясы алғаш рет 1969 жылғы 25 қаңтарда шыққан «Теміртау жұмысшысы» газетінің беттерінен айтылды. 1971 жылдың қаңтарында қала мемлекеттік марапат - Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды, ал Теміртау тарихын сақтау тұрғындар үшін абыройлы іс болды.

1972 жылғы 10 ақпанда Қазақстан КП қалалық комитеті бюросының және еңбекшілер депутаттары қалалық Кеңесінің Атқарушы комитетінің «Теміртау қаласының тарихы музейін ашу туралы» № 54/3 қаулысы - тағдыршешті құжат қабылданды.

Сауда орталығына айналуы тиіс 4-ші шағын аудандағы жаңадан салынған ғимарат қалалық тарихи-өлкетану музейіне жалға берілді. Қызметкерлер құрамы 3 адамнан тұрды: директоры Вострова Тамара Яковлевна, экскурсия жүргізуші Щербина Лидия Петровна және ғылыми қызметкер Кириллова Любовь Васильевна.

Музей қызметкерлері бір жыл бойы жәдігерлер жинады. Қала кәсіпорындары көрмеге арналған витриналар мен макеттер жасады.

Алғашқы жәдігер 1972 жылы 28 қарашада қорға келіп түсті. Бұл күні әуесқой киностудияның басшысы Матте Николай Александрович және тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі Щербина Лидия Петровна 2 бөлімнен тұратын «Біздің Магнитка»

әуесқойлық фильмінің көшірмесін тұрақты пайдалануға беру туралы №1 қабылдау-тапсыру актісіне қол қойды.

1973 жылы 6 қарашада қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілерге алғаш рет есігін айқара ашты, 50 жыл бойы бұл есік қайта жабылмады.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді

2023 жылғы 1 ақпанда Сталинград шайқасының 80 жылдығына орай (1942 жылғы 17 шілде – 1943 жылғы 2 ақпан) «Биіктік102» экспозициясы ашылды.

102 биіктік – Сталинград қаласының ең биік нүктесі (Волгоград) - Мамаев қорғаны. Мұнда жауынгерлердің, Сталинград қорғаушыларының ортақ қабірі орналасқан.

Сталинград шайқасына қазақстандық әскери құрамалар қатысты: 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 459-шы атқыштар дивизиясы, 81-ші атқыштар дивизиясы, 129-шы миномет полкі, 156-шы көпір салу батальоны, 460-шы атқыштар дивизиясы.

Төрт қазақстандық жауынгер Сталинград шайқасындағы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның ішінде қарағандылық, ұшқыш Нұркен Әбдіров бар.

Самарқанд кентінің 31 тұрғыны (1945 жылдан – Теміртау қаласы) Сталинград шайқасының қорғаныс және шабуыл операцияларында қаза тапты. Біздің 8 жерлесіміз хабар-ошарсыз кетті.

Экспозицияның негізі қираған Сталинградты бейнелейтін конструкция болды. Қабырғалардың жақтауларында қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен самарқандтардың фотосуреттері, қайтарылмай шығындар туралы есептерден үзінділер және ортақ қабірге жерленгендердің тізімдері орналастырылды.

Бірегей құжаттар, фотосуреттер мен көлемді жәдігерлер арқылы Сталинград шайқасына тікелей байланысты Самарқанд кентіндегі оқиғалар бейнеленген: болашақ композитор Александра Пахмутованың осында болуы, немістердің әскери тұтқындарына арналған лагерьлердің ашылуы және т. б.

Экспозицияның ашылуына қалалық мектептердің жоғары сынып оқушылары, қалалық және облыстық БАҚ өкілдері шақырылды.

2023 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасындағы Россотрудничество Өкілдігінің қолдауымен Сталинградты азат етудің 80 жылдығына арналған «Қазақстандық жауынгерлер Сталинград үшін шайқаста» атты фотосуреттер көрмесі ашылды.

Көрменің мақсаты - Сталинград үшін шайқаста қазақстандық жауынгерлер туралы баяндайтын бірегей мұрағаттық фотосуреттер мен құжаттарды көрерменге көрнекі түрде көрсету мүмкіндігі.

Олар планшет форматында жасалған және көпшілікке қол жетімді болды.

Көрме «Мәдениет арқылы сұхбат» халықаралық жобасы аясында «Сталинград шайқасы» Музей-қорығының (Волгоград қ.) ресейлік мамандары мұқият жинаған материалдарға негізделген. Көрме алғаш рет ҚР Тұңғыш Президентінің кітапханасында (Астана қ.) көрсетілді.

Көрме материалдары 1942 жылдың 17 шілдесінен 1943 жылдың 2 ақпанына дейін өткен Ұлы Отан соғысының қанды шайқастарының бірінің тарихымен таныстырды. Сталинград маңында 500 мыңға жуық адам қаза тапты, оның ішінде қазақстандықтар да бар.

2023 жылғы 23 ақпанда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Ерекше материал» атты экспозицияның ашылуы өтті.

«Эврика» мүсіні ағашқа да, гипске де, тасқа да ұқсамайтын жұмсақ пішіндерімен және ерекше құрылымымен таң қалдырады. Жұмыстың авторы, Ядринцев Леонард Тимофеевич, соншалықты ерекше материалды қолданды...

Рет-ретімен баяндайық.

Леонард Тимофеевич 1937 жылы 11 ақпанда Ямало-Ненец округінің Мужа ауылында дүниеге келген, бірақ бірнеше жылдан кейін оның отбасы Қазақстанға көшіп келеді.

1963 жылы Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген соң (қазіргі Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі), Ядринцев Жезқазған

қаласына мектепте сурет сабағын жүргізуге кетеді, кейіннен мүсінге ерекше көңіл бөліп, Жезқазған көркемсурет цехына жұмысқа тұрады. Шығармашылық ізденісті жалғастыра отырып, Леонард Тимофеевич өзі үшін арзамитті – құрылыста қолданылатын сұйық полимерлі сылақты ашады.

Мүсіншінің дарыны назардан тыс қалмады. 1971 жылы Леонард Тимофеевич КСРО Суретшілер одағына кірді.

Ал 5 жылдан кейін жаңа тағайындау алады: Теміртаудың бас суретшісі лауазымы. 1982 жылға дейін Леонард Тимофеевич Теміртау көркемөнер-өндірістік шеберханаларының жұмысына және қаланың сыртқы келбетіне жауапты болды. Бұл жерде мүсінші қоламен жұмыс жасай бастайды.

Леонард Тимофеевич Ядринцев 2010 жылы қайтыс болды. Оның мұрасы көптеген керемет мүсіндер ғана емес, сонымен қатар бізді күтпеген жерден күтіп тұрған керемет олжалар туралы әңгіме.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2003 жылдың 1 наурызында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Алғыс айту күніне орайластырылған, Қарағанды облыстық өнер музейімен ұсынылған «Мәңгілік өнер» көрмесінің ашылуы өтті.

Көрме облыс музейлерінің арасындағы алмасу көрмелері аясында ұйымдастырылған.

Отыз кенеп және отыз түрлі суретші. Барлығын бір факт біріктіреді. Тағдырдың қалауымен Қазақстан олар үшін екінші Отанға айналды. Әрқайсының өз жолы бар. Павел Андреев сияқты тәлкіленген отбасынан, енді біреулері ұлттық негізде сенімсіз деп жер аударылды - Алексей Цой, ал біреулері бап бойынша халық жауы ретінде сотталып, жер аударылуға жіберілді – Саркис Саносян, Дмитрий Крейн. Белгілі бір уақыт аралығында Қазақстанға көшіп, осында мәңгі қалғандар да бар. Олардың барлығы өз орнын тауып, суретші атанды. Көбісі суретшілер Одағының мүшесі болды және ел өнерінің игілігі үшін жемісті жұмыс істеді және жұмысын жалғастыруда.

Көрмеге қойылған туындылар өткен ғасырдың 50-ші жылдарының ортасынан бастап әртүрлі уақыт кезеңдеріне жатады. Бұл түрлі-түсті натюрморттар, өнеркәсіптік және табиғи көріністер, портреттер, спектакльдердің эскиздері. Кескіндемеден, акварельден басқа мұнда ою, линогравюра, автолитография, декупаж техникасында жасалған жұмыстарды көруге болады.

2023 жылғы 16 наурызында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Алғашқы этнографиялық жәдігер» атты экспозицияның ашылуы өтті.

Қазақ дәстүрінде зергерлік әшекейлер - әдемі бұйымдар ғана емес, құдіретті тұмарлар. Зергерлер көптеген металдармен жұмыс істей алды: қалайы, қола, мыс, алтын. Бірақ аса ерекше көңіл бөлетін металл- ол күміс болды. Оның жарқырауын ай сәулесімен байланыстырды. Қазақтар бұл металдың тазартқыш күшіне сенді. Сондықтан Теміртау музейінің қорындағы алғашқы этнографиялық жәдігердің – XIX ғасырдың ортасындағы күміс білезіктердің ерекше символизмі бар. Оларды музейге 1975 жылы қала тұрғыны - Асанов Мұхамеджан кейбір жеке құжаттармен, фотосуреттермен және бірнеше отбасылық мұралармен бірге тапсырды. Теміртау музейі бұрын – соңды болмаған марапатқа - Еңбек Қызыл Ту орденін алуға қол жеткізген өте жас қаланың тарихын сақтау идеясымен құрылды. Сондықтан, алғашқы жылдары музей қорлары тек қала мен оның тұрғындарының тарихына қатысты жәдігерлермен толықтырылды. Асановтар отбасының сыйы этнографиялық ммузей жинағын бастады. Дегенмен қиын кезеңдер де аяқталады емес пе. 1999 жылы музейге келушілерді жаңа зал – «Этнография залы» қарсы алды. 3 жылдан кейін экспозицияны Теміртау этномәдени орталықтарының көмегінің арқасында кеңейтуге мүмкіндік туды.

Жаңартылған экспозиция «Қазақстан халқының бірлігі залы» деп аталды. Бүгінде ол музей қонақтарына тек қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар Теміртауда тұратын көптеген диаспоралардың мәдениетінің өзіндік ерекшелігімен танысуға көмектеседі. Оның

витриналарының бірінде музейге сыйға тартылған алғашқы этнографиялық жәдігерлер - күміс білезіктер де өз орнын тапты.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде тікелей эфирде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2023 жылғы 17 наурызда «Арт-сахна» қалалық суретшілер клубының есептік көрмесінің ашылуы өтті.

«Т-Арт» суретшілер клубы 2006 жылы Теміртау тарихи-өлкетану музейінің көрме залы негізінде құрылды. Ол кәсіби суретшілерді де, әуесқойларды да біріктірді. Жылына бір рет шығармашылық көрмелер өткізу дәстүрге айналды, онда қатысушылар осы уақытқа дейін көрмеге қойылмаған жаңа туындыларын ұсынады.

Міне, 14 суретшіні біріктірген алдағы көрме көрермендерге 2022-2023 жылдар аралығында авторлар жасаған туындыларды алғаш рет көруге мүмкіндік берді.

Ұсынылған туындылар жанрлардың алуан түрлілігімен және жасалу техникасымен ерекше. Классикалық, дәстүрлі шығармалардан бастап қазіргі абстракты шығармаларға дейін. Олардың ішінде графикалық туындылар сериясы, пейзаждық картиналар, пастелді портреттер, жасанды былғарыдан жасалған татуировкалар, сондай - ақ акрил құймалары- флюид-арт өнері де бар.

2023 жылғы 31 наурызда Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығына орай «Сауда қатарындағы оқиғалар» тарихи кеңістігінің ашылуы өтті.

Музейге келушілер бұл кеңістікте уақыт пен қашықтықтың өзгеше өлшемімен танысты. Әр елді мекенде өмір өз бағытымен жүрді, жаңалық жетті дегенше бірнеше апта, тіпті айлар өтеді. Қонаққа барудың өзі бірнеше күнге созылды. 1848 жылы Шексіз даланың қақ ортасында саясат, мәдениет, экономика шоғырланған – Қоянды жәрмеңкесі пайда болады.

Жәрмеңкені 1848 жылы орыс көпесі В. Ботов ұйымдастырды. Қарқаралы қаласынан 50 км жерде, Талды өзенінің жағасында орналасты. Халық арасында таулармен қоршалған бұл алқап қояндармен қоршалған жерді білдіретін «Қоянды» деп аталды.

Мұнда Қазақстаннан, Сібірден, Оралдан, Орта Азиядан және Батыс Қытайдан ондаған мың адам сауда жасауға келді. Өртістер мен әншілер өз дарынын көрсету үшін Қоянды алқабына ағылып жатты. Жәрмеңке Сары арқаның бүкіл өмірінің орталығына айналды, солтүстікті оңтүстікпен, батысты шығыспен байланыстырды.

«Сауда қатарындағы оқиғалар» тарихи кеңістігі - шаңырақтың күмбезінің астында тарихи құжаттар мен музей артефактілері ұсынылған 4 инсталляциялық аймақ.

Дайындық кезінде Қоянды жәрмеңкесінің экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени өмірін баяндайтын антропология және Ресей Ғылым академиясының Ұлы Петр атындағы (Кунсткамера) этнография музейінің құжаттары мен фотосуреттері пайдаланылды. Музей артефактілері сол жылдардың атмосферасын жеткізуге мүмкіндік береді: XIX ғасырдың соңындағы «Ағайынды Шемариндер» деген белгімен Тула самовары, XX ғасырдың басындағы ұршық, XX ғасырдың басындағы «Зингер» тігін машинасы, XX ғасырдың басындағы «Carl Picard» фирмасының қой қыркуға арналған қайшысы және т. б.

Тарихи кеңістікте элемент ретінде сауда арбасының көшірмесі жасалды, оның иесі тауар емес, білім ұсынды.

2023 жылғы 7 сәуірде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Теміртаудағы баспасөз туралы» атты экспозицияның ашылуы өтті.

Бүгінде елдегі және әлемдегі оқиғалар туралы білу үшін бар болғаны смартфондағы жаңалықтар арнасын ашу керек. Бірақ бірнеше онжылдықтар бұрын жаңалықтар бірнеше күн, тіпті бірнеше аптадан кейін белгілі болатын. Оның өзінде тек газет беттерінен ғана білетін едік.

Теміртау музейінің қорындағы қалалық газеттің ең көне басылымы - 1947 жылғы 20 желтоқсандағы «Теміртау жұмысшысының» 13-ші шығарылымы.

2023 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Дәстүр мен зұрып» бағдарламасы аясында «Этнографиялық егжей-тегжей» зерттеу жобасы жүзеге асырылды.

Теміртау музейі алғаш рет татар, корей ұлттық киімдерді киімі ұлттық дәстүрлерді жаңа форматта көрсетті.

Әр костюмнің өзіне тән элементтері, ерекше дизайны бар. Экскурсия жүргізушілер тігу, зергерлік бұйымдар, әрлеу, ашық түстер, тартымды декор тәсілдерімен бөлісті.

Дәстүрлі халық костюмі -бұл белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы тарихы мен өзіндік мәдениетінің көрінісі.

II кезең - музыкалық аспаптар топтамасының бөлшектері бойынша талдау. Мұнда Теміртау музейі қорынан алынған: цимбалы, домбыра, балалайка, татар гармошкасы, мандолина жәдігерлерінің түпнұсқалары ұсынылды. Экскурсанттар әр аспаптың үнін естіп, қолдарына ұстап көрді.

Халық музыкалық аспаптары халықтың ғасырлар бойғы рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

III кезең - ұлттық тағамдардың құрамын талдау.

Қатысушылар тамақ дайындады, ұлттық тағамдардың құпияларын ашты және әртүрлі тағам дәстүрлерінің ортақтығын іздеді.

2023 жылдың 2 мамырында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің «Еске алу» залында Жеңіс күніне орайластырылған «Қойылмаған нүкте» экспозициясы ашылды.

2000 жылдары әскери мұрағаттармен қашықтықтан жұмыс жасау мүмкіндігі пайда болғаннан бастап, Теміртау қалалық музейі жерлестеріміздің есімдерін қалпына келтіруге бағытталған іздестіру жұмыстарын жалғастырды.

Қазіргі уақытта «Мемориал» МЖБ сайтында жарияланған қайтарымсыз шығындар мен жерлеу кітаптары туралы атаулы тізімдер бойынша бұрын есепке алынбаған 48 теміртаулық жауынгер анықталды.

Бұл жаңа мәліметтер өткен ғасырдың 70-ші жылдарының соңында Пионерлер үйінің қамқорлығымен бір топ педагогтар, қалалық әскери комиссариат қызметкерлері мен оқушылар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестеріміз туралы жинаған ақпараттарын толықтырады.

70-ші жылдары жиналған мәліметтер негізінде теміртаулық – жауынгерлерге арналған ескерткіштің етегінде қаза тапқандардың есімдері жазылған мемориалдық тақталар орнатылды, 188 жерлестеріміздің есімі аталған Естелік кітап шығарылды.

«Қойылмаған нүкте» экспозициясы Теміртау тарихи-өлкетану музейінің ҰОС жылдарында қаза тапқан жерлестерді анықтау бойынша іздестіру жұмысының нәтижесі болып табылады: мұнда мұрағат құжаттары, жерлеу тізімдерінің үзінділері, қайтарымсыз шығындар тізімдері, әскери тұтқындар карточкалары мен фотосуреттер ұсынылған.

Экспозицияның әрленуі «Еске алу» залының тұрақты бөлігіне айналды.

Қаза тапқан майдангерлердің тізімін қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.

2023 жылғы 4 мамырда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі ҰОС Жеңіс күніне арналған «Уақыт жарып өткен көзқарас» жазықтық фотоинсталляциясын ұсынды.

Біздің музей қорында соғыс жылдарындағы 176 сурет сақталған. Біз оларды аңызға айналған «Рейхстагтағы Жеңіс Туы» фотосуретіне жинадық (авторы Е.Халдей). Бұл фото бәріне таныс, бірақ қазақстандықтар үшін маңызы ерекше.

Бұл жеңіс символының артында миллиондаған адамдардың ерлігі мен өмірі жатыр. Сондықтан «Уақытты жарып өткен көзқарас» инсталляциясы Ұлы Отан соғысына қатысқан самарқандтықтардың суреттерінен құрылған. Самарқанд кентінен (қазіргі Теміртау қ.) 230-ға жуық адам майданға кетіп, тек 84 адам үйіне оралды. Жыл сайын қаза тапқан самарқандтықтардың санын нақтылау және жерлестерімізді еске алу жұмыстары жүргізілуде.

Фотоинсталляция музейдің қасбетінде орналасты және теміртаулықтар үшін 10 күн бойы қолжетімді болады.

2023 жылғы 10 мамырда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Ұлы Отан соғысы жинағының 1-ші жәдігер» экспозициясының ашылуы өтті.

Жұртшылыққа Теміртау қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Яговкин Иван Петровичке тиесілі офицерлік дала сөмкесі ұсынылды.

Иван Петрович 1918-1922 жылдардағы азаматтық соғысқа қатысты. Содан кейін 1939 жылы Халкин -гол өзенінде жапон-моңғол әскери қақтығысына қатысқан. 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысының от жалынында болды.

1946 жылы Теміртауға көшіп келді. 1974 жылы ақпанда Яговкин музей қорына офицерлік планшетін тапсырды, осылайша Ұлы Отан соғысына арналған жинақтың негізін қалады.

2023 жылғы 16 мамырда қостанайлық фотосуретшілер Иван Мармалиди мен Сергей Лидің «Art Fusion» көрмесінің ашылуы өтті.

Бұл жұмыс жасау стилі, техникасы және орындау тәсілі бойынша екі түрлі автор. Сондықтан көрме «Art Fusion» деп аталады. Ол «үйлеспейтіннің үйлесуі» болып табылды.

Иван Мармалиди - кәсіби фотосуретші. 50 жылдан астам фотосуретпен айналысады. Репортаждық түсірілім шебері. Ол фотосуреттің барлық жанрларында - сюжетте, портретте, пейзажда, натюрмортта бірдей жақсы жұмыс істейді. Оның төрт жеке көрмесі өтті.

Сергей Ли – графикамен айналысатын кәсіби суретші. Бірақ екі мыңыншы жылдардың басында ол цифрлық өнерге қызығушылық танытты. Ол өзінің туындыларын digital art стилінде жасай бастады – яғни сандық түрде көркем шығармалар жасады.

Теміртау көрерменіне 56 жұмыс ұсынылды. Иван Мармалиди стандартты фотосуреттің форматына келмейтін ақ-қара және түрлі-түсті суреттер сериясын ұсынды. Бұл бағетсіз фотосуреттер. Сергей Ли квадрат формаға жазылған сандық графикалық туындылар көрсетті. Оның туындылары - кейде мағынасы кең плакаттық үндеулерге айналатын философиялық пайымдаудың бір түрі.

2023 жылғы 9 маусымда Ғ. Жұбанова атындағы Балалар өнер мектебінің көркемсурет бөлімі оқушыларының шығармашылық туындыларының «Дарындар шоқжұлдызы» атты көрмесі ашылды.

Биылғы жылы Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебі өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтуде. Алғашында 1953 жылы бірінші музыкалық мектеп, ал 1978 жылы көркемсурет мектебі ашылды. 17 жылдан кейін олар бірігіп – Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебі болып мәртебесін өзгертті.

2002 жылдан бастап музейдің көрме залында жыл сайын «Дарындар шоқжұлдызы» есеп беру көрмесі өтеді. Онда түлектер өздерінің дипломдық және оқу жұмыстарын ұсынады.

Көрмеде техника, жанр және жасалу материалдардың алуан түрлілігімен ерекшеленетін 73 жұмыс ұсынылды. Балалар өз композицияларының тақырыбын жан қалауымен таңдайды, көбінесе олар қарапайым күнделікті өмірді бейнелейді. Көптеген туындыларда қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениетін көруге болады. Туындылардың бір бөлігі ғарышқа арналған. Ал мүсіндік композициялар бір тақырыптық бағытта жасалған – «Ертегілер, қиялдар мен аңыздар». Сәндік-қолданбалы өнер – жіптен жасалған коллаждар, витраждар, сәндік тоқыма кеңінен ұсынылған.

2022-2023 оқу жылының дипломдық жұмыстары келесі оқытушылардың жетекшілігімен орындалды: Богза Е.Е., Градова Э.О., Пак И.Я., Рязанова В.Г., Соловьева С. П., Соловьев Ю. В

2023 жылғы 16 маусымда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде медицина қызметкері күніне арналған «1-ші медициналық жәдігер» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда жоғары санатты хирург, медицина ғылымдарының кандидаты, Теміртау қаласының Құрметті азаматы Сливных Сергей Филипповичтің жұмыс дәптері ұсынылған.

Сергей Филиппович 1927 жылы Қостанай облысы, Успенровка ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Ақмола медициналық училищесіне, ал 1950 жылы Қарағанды медициналық институтына оқуға түседі.

Оқуды бітірген соң Теміртау қаласына жұмысқа жолдама алады.

№4 қалалық аурухананың бас дәрігері және хирургі болып жұмыс істеді, аурухана кейіннен Қарағанды металлургия зауытының медициналық-санитарлық бөлімі атанды. Жұмыс барысында Сергей Филиппович Қазақстандық Магнитка құрылысшыларының көптеген жарақаттарына назар аударды. Бірнеше жыл бойы ол жұмысшылардың еңбек жағдайларын, жарақат алу жағдайларын зерттеді, сонымен қатар медициналық көмек көрсету процестерін жетілдірді. Көпжылдық жұмыстың қорытындысы: медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертацияның жазылуы және Қазақстандық Магнитка құрылысшыларының жарақаттану деңгейінің айтарлықтай төмендеуі болды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті.

2023 жылдың 1 шілдеде Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына және ҚР Домбыра күніне орай Теміртау тарихи-өлкетану музейінің «Қазақстан халқының бірлігі» залында «Күй атасы - Құрманғазы» экспозициялық блогының ашылуы өтті.

Қазақ халқының жаны мен даналығы саналатын - домбыра - экспозициялық блоктың орталық элементі. Халық бірлігінің, бейбітшілік пен тыныштықтың белгісі саналатын - шаңырақтан - -шыны қолба төмен түседі, онда домбыра орналастырылды, қолбаның қабырғаларына қызықты фактілер жазылды: домбыраның Гиннес рекордтар кітабына қалай енгізілгені туралы, тарихы 1500 жылдан асатын бірегей «Ата домбыра» туралы, домбыраның пайда болуы туралы аңыздар, домбыраның шанағында тесіктің пайда болуы туралы, аспапта жоғарғы табалдырық тиектің пайда болуы туралы.

Шыны конструкцияның етегінде ұлы қазақ композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының күйлері, оның ең үздік туындылары «Адай», «Балбырауын», «Қызыл қайың», «Ақсақ киік» ойнатылған аудиоқұрылғылар орналастырылды, бұл күйлерді тыңдауға, домбыраның үнін өз бетінше естуге, оның ырғағын сезініп, түсінуге мүмкіндік береді.

2023 жылғы 4 шілдеде «Бозоқтан Астанаға дейін» атты елорданың 25 жылдығына орай «street exposure» форматында музейдің қасбеттік терезелерінде көшеден қарау көрмесі ашылды.

Бұл формат кездейсоқ таңдалған жоқ. Бұл фотокөрмені көптеген көрермендердің көруіне мүмкіндік береді.

Мұнда тарихи фотошежіре ұсынылды. Ол орта ғасырлардан бастап және VIII ғасырдағы Бозоқ қалашығының пайда болуынан бастап Астананың қазіргі келбетіне дейінгі Астананың қалыптасу тарихын қамтитын бірнеше бөлімдерден тұрды. Экспозицияға елорда қалай салынып жатқан тарихи фотосуреттер, қаланың негізгі мәдени, спорттық, сәулет нысандары кірді.

2023 жылғы 11 шілдеде Металлургтер күні қарсаңында «Прокат тарихи» экспозициясының ашылуы өтті.

2023 жылы прокат өндірісінің негізгі цехтары – ЛПЦ-1, ЛПЦ-2, ЛПЦ-3, ЦГЦА мерейтойын атап өтеді. Бұл экспозиция мерейгерлерге арналған. Ол 4 негізгі блоктан тұрады.

Блоктардың әрқайсысында Қарағанды металлургия комбинатының қаңылтыр илемдеу цехтары тарихының негізгі тұстарын баяндайтын фотоматериалдар мен қысқаша ақпараттық бөлімдер ұсынылды:

- құрылыс және іске қосу;
- шығарылатын өнімнің ассортименті;
- өндіріс технологиясы;
- дайын өнімді жеткізу географиясы;
- осы саланың танымал тұлғалары.

Экспозицияда қолданылатын жәдігерлер прокатшылар шығаратын өнімдердің үлгілерін анық көруге мүмкіндік береді.

2023 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасындағы Россотрудничество өкілдігінің қолдауымен Виктор Цойды еске алуға арналған «Күн атаулы жұлдыз» атты АРТ-бомонд шығармашылық алаңының ашылуы өтті.

Экспозиция материалдарын Қазақстан Республикасындағы Россотрудничество өкілдігі ұсынған.

Музейдің көрме залында Виктор Цой аңызға айналған рок-музыкант ретінде ғана емес, суретші, актер, тұлға ретінде де ұсынылатын экспозиция ұйымдастырылды.

Экспозиция орталық бөлігінде Қарағандыда орнатылған Виктор Цой ескерткішінің көлемді көшірмесі орнатылды.

Келушілер 80-ші жылдардағы Санкт-Петербургтың музыкалық андеграундымен жақсы таныс қазақстандық автор Едіге Ниязовтың қызықты фотосуреттерін көре алды. Бұл суреттер Теміртау көрерменіне алғаш рет көрсетілді.

Экспозицияның интерактивті бөлігі - бұл «Егер де?» деген тақырыпта өтеді, мұнда әрбір келуші музыканттың тағдыры, егер оның қайғылы өлімі болмаса, қалай болатын еді деген болжамды Цойдың қабырғасына жазып кетті.

Ашылу салтанатында «Дарын» оқыту орталығының «Red Heart» деп аталатын теміртаулық музыкалық топ өнер көрсетті. Олар Виктор Цойдың музыкалық шығармаларын орындады.

2023 жылғы 18 маусымда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Сүңгуір костюмі» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда ұсынылған универсалдық гидрокостюм қыста жұмыс істеу үшін пайдаланылған. Ол резеңкеден жасалған, сондықтан ішке су кірмейді. Мұндай костюмдер ХХ ғасырдың 50-жылдарында шығарыла бастаған.

Бұл жәдігерді музейге Теміртау қаласының суда құтқару станциясының мамандары сыйға тартқан. Ұзақ уақыт бойы олар суға батқандарды құтқару, суға батқандардың денесін іздеу, су қоймасының түбін және Нұра өзенінің арнасын тазарту үшін осындай типтегі гидрокостюмдерін қолданған болатын.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2023 жылғы 18 тамызда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде Қазақстандағы Спорт күніне арналған «Эстафеталық таяқша» экспозициясының ашылуы өтті.

Эстафеталық таяқша «Меридиан» қалалық әуесқойлар клубының бірінші жүгіру - эстафетасы кезінде қолданылды.

«Меридиан» клубы 1982 жылы құрылды. Оның алғашқы мүшелері Жолаушылар көлігі кәсіпорнының қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері болды. Олардың артынан медицина қызметкерлері мен жергілікті спортшылар тартылды.

Әуесқой спортшыларының есебінде 40-тан астам жүгіріс, оның ішінде бірнеше марафондар бар. 1983 жылы ұзындығы 1260 км құрайтын «Теміртау – Алматы», ал 1985 жылы - «Теміртау - Павлодар - Семей - Талдықорған – Алматы», ұзындығы 2200 км құрайтын марафондар.

«Меридиан» клубының ең үлкен жетістігі Хорог - Муграб - Ленин шыңы» Альпі лагері - Ош бағыты бойынша «Памир – 89» Бүкілодақтық ғылыми - спорттық марафондық жүгірісіне қатысуы болды, жалпы ұзындығы 844 км. Әлемде мұндай жүгірістің баламасы болған жоқ.

2023 жылғы 24 тамызда күні «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» Мемлекеттік мекеменің 70 жылдығына арналған экспозиция ашылды.

Экспозицияның негізі біздің шаңырағымыздың - Теміртау қаласы мәдениетінің бірегейлі жарқын атмосферасын құрайтын символдық сырмақ болды. Сырмақтың қақ ортасында - мәдени құндылықтар, мәдени мұра арқылы ұрпақтардың мәңгілік байланысын бейнелейтін «мәңгілік» деп аталатын қазақ ою-өрнегі орналасты. Мұнда сонымен қатар, «шамды» көруге болады – ол рухани кемелдікке апаратын жолда шабыт беріп, сол жолды жарық ететін мәдениет нұрының символы.

Экспозицияда «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің заманауи құрылымы мен қызметі туралы фотоматериалдар ұсынылған. Қызықты құжаттардың бірі - Теміртау қалалық еңбеккер депутаттары Кеңесі атқару комитетінің «Қалалық мәдениет бөлімін құру туралы» шешімінің көшірмесі.

2023 жылғы 25 тамызда 50 жылдық мерейтой аясында «Таңдаулы» атты қор көрмесінің ашылуы өтті.

Бүгінде Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің көркемөнер қорында әр түрлі техника мен жанрдағы түрлі авторлардың қолынан шыққан 520-дан астам картиналар бар.

«Таңдаулы» көрмесі – қарағандылық және теміртаулық суретшілердің үздік қор туындыларының көрмесі болды.

Көрмеде Подлесных М., Циглер И., Щеголихин С., Проценко В., Болух А., Қ. Асқаров, Грицай В., Герасимова Н., Литвинов А., Бабий С., Растопчин Н., Темиргалиев Е., Қалқабаев М., Коломенская Г., Донскова И., Марденова А., Малецкая Е., Растопчин Н., Ордашева М., Раковский Н., Пономарева И., Антонов В., Макеева М., Коломенская Г., Павлова О. есімді суретшілердің шығармашылығы ұсынылды.

Көрменің ашылуына қала тұрғындары мен қонақтары, БАҚ өкілдері қатысты.

2023 жылғы 15 қыркүйекте Қарағанды суретшісі Владимир Проценконың «Калейдоскоп» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

«Калейдоскоп» көрмесінде суретшінің 33 шығармашылық туындысы ұсынылды. Суреттер соңғы бес жыл ішінде жасалған. Олардың көпшілігі туған қаласы - Қарағандыға арналған. Оларда танымал көшелер, аулалар, үйлер, кеншілер астанасы бейнеленген. Пейзаждық этюдтердің шебері ретінде суретші қарапайым көріністерде ерекше сұлулықты көре білген. Суреттерден ерекше жылулық пен сүйіспеншілікті сезінуге болады.

2023 жылғы 21 қыркүйекте «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Магниттіктер» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда «Теміртау шамдары» атты өлеңдер мен әңгімелер жинағы ұсынылды. Бұл басылымның ерекшелігі – жинаққа енген 12 автор Теміртау қаласының тұрғыны және «Магнит» клубының мүшесі.

Бір қарағанда ерекше ештеңе жоқ. Дегенмен, бұл жинақтың авторлары - Теміртау қаласының тұрғындары.

«Магнит» - Қарағанды облысындағы ең көне әдеби клубтардың бірі. Ол 1960 жылы қалалық «Құрылысшы» газетінің редакциясымен құрылды. Клубтың бірінші басшысы газет редакторы, ақын және прозаик Евгений Федорович Оксененко болды.

Басылымды 1974 жылы авторлардың бірі Эдуард Андреевич Широкобородов музей қорына тапсырды. Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті.

2023 жылғы 15 қыркүйекте Қарағанды суретшісі Владимир Проценконың «Калейдоскоп» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

«Калейдоскоп» көрмесінде суретшінің 33 шығармашылық туындысы ұсынылды. Суреттер соңғы бес жыл ішінде жасалған. Олардың көпшілігі туған қаласы - Қарағандыға арналған. Оларда танымал көшелер, аулалар, үйлер, кеншілер астанасы бейнеленген. Пейзаждық этюдтердің шебері ретінде суретші қарапайым көріністерде ерекше сұлулықты көре білген. Суреттерден ерекше жылулық пен сүйіспеншілікті сезінуге болады.

2023 жылғы 21 қыркүйекте «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Магниттіктер» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда «Теміртау шамдары» атты өлеңдер мен әңгімелер жинағы ұсынылды. Бұл басылымның ерекшелігі – жинаққа енген 12 автор Теміртау қаласының тұрғыны және «Магнит» клубының мүшесі.

Бір қарағанда ерекше ештеңе жоқ. Дегенмен, бұл жинақтың авторлары - Теміртау қаласының тұрғындары.

«Магнит» - Қарағанды облысындағы ең көне әдеби клубтардың бірі. Ол 1960 жылы қалалық «Құрылысшы» газетінің редакциясымен құрылды. Клубтың бірінші басшысы газет редакторы, ақын және прозаик Евгений Федорович Оксененко болды.

Басылымды 1974 жылы авторлардың бірі Эдуард Андреевич Широкобородов музей қорына тапсырды. Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті.

2023 жылғы 29 қыркүйекте Еңбек күніне арналған «Болашақты болжағандар» экспозициясының ашылуы өтті.

Көрме өзіндік идеяларын жүзеге асырған және Қазақстанның болашақ өркендеуіне батыл қараған ғалымдарға арналды. Экспозицияда Қарағанды облысы мен Теміртау қаласының қалыптасуына елеулі үлес қосқан геолог Қ.И. Сәтбаев, гидролог В. А. Курдюков және мемлекет қайраткері И. Т. Тәжиев туралы баяндалды.

Олардың қызметінің арқасында Қарағанды металлургия комбинатын салу үшін су және шикізат көздері барланды, қысқа мерзімде, Ұлы Отан соғысы жылдарында металлургтер қаласының өнеркәсіптік нысандары салынды.

Экспозицияда бірегей құжаттар ұсынылды: Самарқанд кентінің (1945 жылдан – Теміртау қ.) аймағында Нұра өзені бойынша экспедиция туралы жазылған В. А. Курдюковтың жұмыс дәптерінің фрагменттері; металлургиялық комбинатының құрылысының экономикалық негіздемесі көрсетілген Қ. И. Сәтбаевтың баяндамалық жазбалары, Теміртау қаласының болашағының маңызды нысандарының: ҚарГРЭС-1, СК зауыты, Қазақ металлургия зауытының құрылыстарын басқарған И. Т. Тәжиевтің жеке ісінен алынған құжаттар.

Экспозиция музей қорынан алынған көлемді жәдігерлермен, индустрияландыру жылдарындағы қазақстандық дала зерттеушілерінің тұрмысына тән заттармен толықтырылды: рюкзак, теодолит, қайла, дала шатыры, минералдар үлгілері және т.б.

Экспозицияның ашылуына өздерінің кәсіби қызметін таңдау қарсаңында тұрған жоғары сынып оқушылары шақырылды. Олар жерлес ғалымдардың үлгісінен шабыт алып, өздерін зерттеуші ретінде сынап көрді, осы экспозициядан кейін олар өздерінің кәсіби жолдарын анықтауы әбден мүмкін.

2023 жылғы 6 қазанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің 50 жылдығына арналған «Уақыт арқылы көзқарас» зерттеу фотожобасының тұсаукесері өтті.

Зерттеу фотожобасы - Теміртау өлкетану музейі мен "Сплав" халықтық фотоклубының (жетекшісі-Сергей Кочмарев) ынтымақтастығының нәтижесі.

«Уақыт арқылы көзқарас» - бұл Теміртау құрылысының тарихын фотосурет арқылы көру.

Мұнда Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатында, Теміртау қаласының мемлекеттік мұрағатында, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ фотосурет мұрағатында музейдің көп жылғы жұмысының нәтижесінде анықталған 1950-1970 жылдар кезеңіндегі қаламыздың бірегей фотосуреттері ұсынылған.

«Фото суреттердің нақтылығын анықтау үшін фотоклуб 2023 жылы ескі кадрлармен бірдей бұрыштан түсірілген қаланың заманауи көріністерін ұсынды.

Келушілер соңғы жарты ғасырда Теміртаудың қалай өзгергенін, туған көшелердің қалай салынғанын, қаланың келбеті қалай өзгергенін танып білді. Әрбір фотосурет кешені қысқа мәтіндік түсініктемемен сүйемелденді.

2023 жылғы 11 қазанда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Еркін жел» афишасы» экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда И.Дунаевскийдің «Еркін жел» деп аталатын Теміртау музыкалық комедия театрының премьералық спектаклінің афишасы ұсынылған.

1973 жылы 16 қарашада музыкалық комедия театры бірінші маусымды Исаак Дунаевскийдің «Еркін жел» спектаклінің премьерасымен ашты.

1980 жылы Қарағанды қаласында мамандандырылған ғимарат салынып, музыкалық комедия театры жаңа орынға көшті.

Бүгінде театр Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры деген атпен танымал.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2023 жылғы 14 қарашада «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының 30 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан банкноттары» экспозициясының ашылуы өтті.

Теміртау музейінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының алғашқы банкноттарының үлгілерін сақтай алды және оларды кез келген адам экспозициядан көре алады. Бұл вексельдер

күрделі, егжей-тегжейлі дизайнымен назар аударады. Тікелей эфир барысында олардың құрылуы мен Қазақстан аумағына енгізудің күрделі процесі толық баяндалды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істеді.

2023 жылғы 16 қарашада Теміртау тарихи-өлкетану музейінде мерейтойлық музей мерекесінің аясында «Музей үштігі» атты көрменің ашылуы өтті.

Көрмеге қатысушылар-Теміртау тарихи-өлкетану музейінің үш қызметкері, үш шығармашылық тұлға:

- бас суретші-дизайнер Мұстафина Хайниса Рахымжанқызы. Кәсіби суретші, Қазақстан Республикасы Дизайнерлер Одағының мүшесі. 2001 жылдан бастап музейде жұмыс істейді
- музейдің қор бөлімінің меңгерушісі Дүйсембаева Айжан Амангелдіқызы. Музейде 2021 жылдан бері жұмыс істейді.
- музейдің суретші-дизайнері Трушкова Анна Михайловна. Музейде 2021 жылдан бері жұмыс істейді.

Қатысушылардың әрқайсысы өнердің белгілі бір бағытында өз шығармашылығын ұсынды. Көрмеде көркем суреттер, графикалық суреттер, линогравюра, офорт, аралас техника жұмыстары, мүсіндер бар.

2023 жылғы 16 қарашада Теміртау тарихи-өлкетану музейінде 50 жылдық музей мерейтойы аясында «Тактильді сәулет» экспозициясының тұсаукесері мен ашылуы өтті.

Музей кеңістігінде алғаш рет зағип және нашар көретін адамдар үшін «Қолжетімді орта» бағдарламасы аясында жоба іске асырылды. Экспозиция жаңартылған «Тәуелсіздік жылдарындағы Теміртау» залында орналасты, онда Теміртау қаласының төрт маңызды сәулет нысаны 3D форматтағы бедерлі жазықтық плакеттерде ұсынылды:

- Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы
- Металлургтер монументі.
- Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіш.
- Теміртау мәдениет сарайы.

Олар дәл көшірмесі емес және егжей-тегжейлі көрсетілмеген. Плакеттерді жасауға негіз болған сәулет нысандарының фотосуреттері дәл сол жерде орналасқан. Кәсіби фотограф суретке түсірді, ал суретші сол суреттердің негізінде рельефті жалпақ плакеттер жасады. Әр нысанды сипаттайтын Брайль шрифтімен жазылған түсіндірме тактильді тақтайшалар бар.

Ашылу салтанатында рельефтердің оқылуын тифлопедагог-реабилитолог В. А. Высочинский сынап көрді, ол атқарылған жұмысты жоғары бағалады. Сондай-ақ, плакет авторы, суретші-мүсінші, педагог Ю.В. Соловьев сөз сөйлеп, жобандағы жұмыс туралы айтты.

2023 жылғы 27 қарашада Теміртау қаласының металл өңдеу кәсіпорындары арасындағы көшбасшының 20 жылдығына арналған «КМК TRADE COMPANY» компаниясының «Теміртау тарихы: фотосурет деректер» көшпелі экспозициясының ашылуы өтті.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінің құжаттарымен және фотосуреттерімен расталған Теміртау қаласының тарихынан 26 дерек мерейтойлық кәсіпорынның бас кеңсесінде стендтерге орналастырылды. Экспонаттармен толықтырылған фотосурет деректер Теміртау тарихының XIX ғасырдың ортасынан қазіргі заманға дейінгі кезеңін қамтыды.

Экспозицияның ашылуына «КМК TRADE COMPANY» ЖШС басшылары мен қызметкерлері қатысты. Апта бойы «Теміртау тарихы: фотосурет деректер» экспозициясы көрмедеушілерге қолжетімді болды және компанияның дирекциясы мен клиенттерінің жоғары бағасын алды.

2023 жылдың 8 желтоқсанында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде суретші Қуат Асқаровтың «Жеті құндылық» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

Ұсынылып отырған көрме суретшінің 60 жылдық мерейтойына орайластырылған. «Жеті құндылық» деген атауы терең философиялық мағынаны қамтитын орталық туындылардың бірі болып табылатын триптихтің атауына ұқсас.

Мұнда 20-дан астам ауқымды туындылар көрсетілген, бұл суретшінің соңғы бірнеше жылда жасаған шығармашылығы.

2023 жылғы 14 желтоқсанда Тәуелсіздік күніне арналған «Жарып шығу» экспозициясының ашылуы өтті.

ҚР Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев «Цифрландыру – бұл сән үрдісін ұстану емес, ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің негізгі құралы» деп атап өтті. Мемлекет басшысының сөздеріне жауап бере отырып, экспозицияда қаламыздағы жаңа технологияларды көрсеттік.

Экспозиция 3 блоктан тұрады.

– Danmax 3D studio.

Студия 3D басып шығарумен айналысады. Технологиялық процесс 3D принтер мен жасалған бөлшектердің көмегімен ұсынылған. Ашылу барысында студия басшысы қонақтарға 3D принтердің жұмысын көрсетті.

– «Microgreen Farm» сити фермасы.

Ферманың негізгі бағыты - гидропоника әдісімен экологиялық таза заманауи өнімді өсіру және оны тамақтану орындарына жеткізу. Қонақтар үшін қалалық ферма басшысы микро-жасыл өсімдіктерді өсіру процесінің негіздерін көрсетті және дайын өнімнің дәмін көруді ұсынды.

– Kaspi bank.

Қазақстанның банк жүйесінде QR-кодпен жылдам төлем жүйесін алғаш енгізген екінші деңгейдегі банк. Экспозицияда ұсынылған заттар Kaspi PAУ технологиясын көрсетеді.

Экспозицияның ашылуына Теміртау қаласының №6 ЖББМ оқушылары, музейге келушілер мен БАҚ өкілдері қатысты.

2023 жылдың қорытындысы:

Жасалған экспозициялар жоспарға сәйкес, үнемі жаңа материалдармен толықтырылып отырды, көркем шешуі мүмкіндігінше жаңартылды, жаңа тақырыптағы экспозициялар пайда болды.

4. Ғылыми - қор және есеп-сақтау жұмысы.

Есеп беру мерзімі ішінде музей қоры 290 экспонатқа толықтырылды. 2023 жылдың соңында экспонаттардың жалпы саны – **24 920**, оның ішінде **негізгі қор – 18 358**, **ғылыми-қосымша – 6562**.

Қорға келіп түскен құнды жәдігерлер:

1. Қолдан жасалған қапсырма.

Қапсырма 2 бөліктен тұрады. Күміс металдан, қола түсті металдан жасалған. Әрқайсысында киімге тігу үшін 2 құлақ бар. Бөліктердің әрқайсысы көп қырлы фигурадан тұрады, одан 2 сәуле шығады. Бөліктердің бірінде шеңбер түрінде қосымша элемент бар. Әр бөліктің ортасында жолақ бар. Қапсырма қолдан жасалған.

КП18290 КООФ 3177



2. 1941 жылғы балаларға арналған үстелдік күнтізбе.

Қағаз сары түсті. Түптелуі жұмсақ. Артқы мұқабада күнтізбені орнатуға арналған картон қойынды бар. Күнтізбе көлденең оқылады. Иллюстрациялар қою көк түсте жасалған, қызыл түсті иллюстрациялар да бар. Есептеу 4 қаңтардан басталады және 2 шілдеде аяқталады. Жоғарғы мұқаба және бірнеше беттер



түптелуінен жыртылған. Мәтін басылған, кара түсті. Мұқабасында 3 бала (2 қыз және ұл) мен иттің суреті бар. Бала «1941» деген жазуды аяқтайды. Жоғарғы жағында «Балалар күнтізбесі» деген жазба. Жоғарғы оң жақта 2-жазба – «Барлық елдердің пролетариаттары, қосылыңыз!» және «Ленин-Сталин ісі үшін күресуге дайын бол!».

КП18223 ҚДФ 7246



3. Композитор А. Н. Пахмутованың Теміртау қаласындағы балалық шақтағы досы А. Козыринаға жазған хаты, 25 наурыз 1959 жыл.

Күнделік немесе дәптер парақтарына жазылған хат. Қаламұшпен қолмен жазылған. Хатта А.Н. Пахмутова Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Самарқанд кентіндегі өмірді, мұғалімдері мен сыныптастары туралы еске алады. Соғыстан кейінгі жылдардағы тағдыры, күйеуі Н. Добронравов туралы әңгімелейді.

КП18224 ҚДФ 7247



4. Атауы 1941 жылғы 22 маусымдағы Қарағанды қ. Киров РВК РККА қатарына шақыру бланкісі.

Баспа машинкасындағы бланкіде РККА-ға жіберу үшін 1941 жылғы 22 маусымда келуді, сондай-ақ қажетті заттардың тізімін көрсете отырып, туған жылы мен аты үшін бос бағанмен шақыру қағазының мәтіні терілген.

Сол жақтағы бланкте Киров әскери комиссариатының мөрі және Киров ГРВК бастығы мен оның уақытша көмекшісінің қолы қойылған.

КП18225 ҚДФ 7248



Қорларды ғылыми жинақтау мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

- қала тұрғындары мен қонақтарынан музей заттарын, кітаптарды, фотоқұжаттық материалдарды қабылдау;
- мұражайдың ғылыми қызметкерлерінің қалалық және облыстық мұрағаттарындағы жұмыстары;
- тарихи және өмірбаяндық сипаттағы материалдарды жинау,
- Теміртау қаласының қалыптасу кезеңдерін бейнелейтін;
- жеке заттар мен коллекцияларды сатып алу.

Көрмелерде және басқа да жұмыстарда қолданылатын негізгі және ғылыми қосымша қор экспонаттарының саны – **12 840**. Музей жұмысын насихаттау мақсатында экспонаттарды жинақтау және жинақтарды іріктеу үшін Теміртау музейінің жинақтарының тізімі құрылды.

Негізгі қор цифрлі жүйеге енгізілді. Электронды тасымалдағышқа **9083** экспонат енгізілді. Жаңартуды талап ететін – **70** жәдігер, жаңартылғаны - **70**. Жыл бойы жаңартылған жәдігерлер көркем өнер, құжат және фото қорларына жатады.

Ай сайын қор қоймасын тазалау шаралары өткізіледі. Жәдігерлерді құрғату және желдету бас қор сақтаушының белгілеген кестесіне сай орындалады.

2023 жылы музейде қор жабдықтары жаңартылды, құрастырмалы-бөлшектеу конструкциялы сөрелер орнатылды.

Қор қоймасы бірінші қабатта орналасқан. Бөлме екі есікпен жабдықтандырылған: темір және металл шыбықтан, терезесі металлмен жабылған және тор орнатылған. Жол картасы бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары кезінде терезелер бекітілді. Көлемді экспонаттар металл стеллаждарда сақталады, нумизматика қоры – оргшыныдан жасалған кассеталарда немесе бөлінетіні бар қағаз конвертте, киімдер ілгіште ілулі бетінде. Қымбат металдан жасалған заттар металл сейфте сақталады.

Жыл сайын музей қорын толықтыру шешілмеген мәселелерге тап болады. Музей қорларына заттарды ақысыз алу мүмкіндігі азаяды (өлім, эмиграция, экономикалық жағдай). Жәдігерлерді сатып алу үшін мақсатты қаржыландыру жоқ, жеке тұлғалардан жәдігерлерді сатып алу мүмкіндігі үшін құқықтық база жоқ.

Қор қоймасы жай-күйінің деңгейін жақсарту үшін стационарлық күзет сигнализациясын орнату, температуралық режимі және ылғалдылық реттегіші бар желдеткішті қалпына келтіру қажет. Қор жәдігерлерінің жай-күйі қанағаттанарлық. Қор қоймасындағы жабдық нормаларға сәйкес келмейді. Қосымша металл шкафтарды орнатуға және жәдігерлерді сатып алуға мақсатты қаржыландыру қажет.

5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.

Есеп беру кезеңі аралығында музейде **31 ашық іс – шара** өткізілді. Олардың жартысы ірі қалалық көрме болса, жартысы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналды.

2023 жылғы 20 қаңтарда суретші Ю. Пильтихиннің «Көпқырлылық» жобасы аясында «Графикалық портрет» шеберлік сабағы өтті.

Юрий Пильтихин белгілі Теміртау суретшісі. 2006 жылдан – «Т-Арт» қалалық клубының басшысы. Оны жан-жақты суретші деп атауға болады, ол сурет салу мен кескіндемеде, сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнерде көптеген техникалық әдістерді, шығармашылық әдістерді қолданды.

Шеберлік сабақта ол графикалық портретті бейнелеудің негіздерін – масштабты, пропорцияларды және бөлшектерді көрсетті. Пастель, компьютерлік графика, линогравюра, шарж, сызғыштарды, қарындаштарды қолдана отырып, оны жасаудың нақты нұсқаларын ұсынды.

Іс-шараның шарықтау шегі суретшінің экспромты болды – шараға қатысушыларға арналған шарж бейнесі.

2023 жылғы 8 ақпанда «Тактильді реплика» музей кеңістігін интерактивті тану іс-шарасы өтті.

«Реплика» дегеніміз не? Реплика - сирек кездесетін тарихи үлгілердің көшірмелері. Жәдігерлердің көшірмелерін пайдалана отырып, біз өскелең ұрпақты қаламыздың тарихымен таныстыруды шештік.

Балаларға тактильді түрде зерттеуге 11 зат қолжетімді болады. Әр зат әр түрлі тарихи дәуірді бейнелейді және Теміртау қаласының тұрғындарымен байланысты. Мәселен, металл үккіш XX ғасырдың басындағы егіншілік туралы, шаруашылық өмірі туралы, патефон XX ғасырдың 40-жылдарындағы музыкалық атмосфераны жеткізеді, ал примус Қазақстандық Магнитка құрылысшыларының өмірі туралы әңгімелейді. Сондай-ақ, балалар құрылыс каскаларының неге түрлі-түсті болатынын, ботылар теміртаулық әйелдер арасында ең танымал аяқ киім болғанын және әр отбасы неге «Ракета» туралы армандағанын білді.

«Тактильді реплика» іс-шарасына қатысушылар әрбір тарихи затты өз бетінше іске қосып, жинай алды, іс жүзінде қолдана алды.

2023 жылғы 10 ақпанда Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күніне арналған «Ауғанстан деп жүрегім сыздайды» білім беру бағдарламасы басталды.

Бағдарлама мультимедиялық технологиялар мен инсталляцияны біріктірді. Инсталляциялық аймақта ақпараттық блоктардың жанында интернационалист жауынгерлердің тағдырын бейнелейтін жаттығуға арналған далалық нысандар орнатылған. Инсталляцияның қайғылы мәнін жәдігерлер көрсетеді: кеңес әскерлерінің жабдықтары, жаттығу қаруы, интернационалист жауынгерлердің хаттары, оппозиция жауынгерлерінің құжаттары мен үндеу қағаздары.

Іс-шара барысында Ауғанстандағы соғыстың нақты оқиғасын бейнелейтін бейнероликтер, деректі шежірелер, сондай-ақ интернационалист-жауынгер жерлестеріміздің естеліктері қолданылды.

2023 жылдың 1 наурызында Алғыс айту күніне орай «Бір тағдыр - бір ел» акциясы өтті.

Күні бойы музейдің барлық келушілеріне ақпараттық үндеу қағаздары табыс етілді. Онда Қазақстан екінші Отанына айналған теміртаулықтардың естеліктері жазылған. Бұл музей қорларының тарихи материалы – ХХ ғасырдың 30-40 жылдарында жер аударылғандардың хаттарынан үзінділер. Әр естелікте қиын кездерде көмек, қолдау және қонақжайлылық танытқан қазақ халқына деген алғыс сөздер айтылады.

2023 жылдың 3 наурызында «Әйелдер әлемі» жобасы аясында Халықаралық әйелдер күніне орайластырылған «Әйел тағдырының өрімдері» инсталляциясы ашылды.

Инсталляцияда төрт қала тұрғыны ұсынылды: дәрігер-терапевт О. А. Маловичко; суретші, Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің оқытушысы Шпилевая Н. М.; ақын, журналист Алдашева Р. Ж.; журналист Волгина О. А.

Экспозицияда әйел кейіпкерлері мен тағдырлары екі қырынан ұсынылған: бір жағынан – Теміртаудың белгілі кәсіби мамандары, , екінші жағынан – өз мүдделері, хоббиі және нәзік жандарға тән әлсіздіктері бар қарапайым әйелдер. Әйелдер тағдырының барлық қырыны жіп сияқты Теміртау қ. тағдырымен өріліп жатыр.

Ақпараттық планшеттерде экспозиция кейіпкерлерінің фотосуреттері мен грамоталары орналастырылған, әр блоктың үстінде өзара өрімделген жіптер, ал бұл жіптерде көрмеге қатысушылардың бала кездегі суреттері, сүйікті ойыншықтарының, сүйікті актерлерінің фотосуреттері және т.б.

2023 жылғы 10 наурызда " Таңшолпан " бөбекжай негізінде "Әз Наурыз" театрландырылған қуыршақ қойылымы басталды.

Қарашаш, Айбатыр және Лан музей қуыршақ театрының басты кейіпкерлері "Наурыз мейрамының" пайда болуы мен мерекеленуінің қызықты оқиғалары туралы айтып берді, сонымен қоса:

- дәстүрлі дастархан жайылды;
- "Наурыз көже" дәстүрлі тағамын дайындады;
- "Белкөтерер", "Ұйқы ашар", "Селт еркізер", "Шашу", "Бата" салт-дәстүрлерімен танысты;
- "Наурыз жұмбақ" жарысы, "Айтыс" ән байқауы өткізілді;
- ұлттық ойындар ойнады: "Асық", "Арқан тарту", "Қол күрестіру".

Театрландыру барысында балабақша тәрбиеленушілері ежелгі артефактілер мен музей жәдігерлерімен танысты.

2023 жылдың 20 наурызы «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және Наурыз мерекесіне орайластырылған іс - шаралар аясында «Этикет -ұлттық бірегейліктің көрсеткіші» музейлік білім беру жобасының тұсаукесері өтті.

Қазақтардың рухани мәдениетінің маңызды бөлігі дәстүрлі этикет болып табылады. Көптеген этикет ережелері ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл жазылмаған заңдар өмірде жол көрсетеді және ұлттық бірегейліктің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Музейлік білім беру жобасы дәстүрлі ұлттық этикетпен танысуға бағытталған. Қатысушыларға театрландырылған түрде мінез - құлық нұсқалары көрсетілді-сәлемдесу, қоштасу процесі қалай жүреді, қалай отыру және отырмау керек, шайды қалай дұрыс беру керек, сонымен қатар іс-шараға қатысушылар қамшымен, белбеумен, пышақпен, қазанмен және басқа да материалдық мәдени заттармен қандай әрекеттер жасауға болмайтыны туралы естіп-білді.

2023 жылдың 10 сәуірінде Халықаралық ғарыш күніне орай Теміртау тарихи-өлкетану мұражайында «Ғарышкердің бір күні» атты интеллектуалды тренинг ұйымдастырылды.

Музей ғарыштық тренингі ғарышты игеру тарихын зерттеуден, ғарышты алғаш рет ашқан адамдармен танысудан басталды.

Тренинг барысында жас ғарышкерлер:

- сынақ ұшқышының шлемінің түпнұсқасын киіп көрді;
 - гидропоникада бұршақ тұқымын өсіру бойынша биологиялық эксперимент жүргізді;
 - «Спутник-1», «Восток» және «Шаттл» зымыран тасығыштарын қайта құрды.
 - «Барани креслолары» аналогында сынақтан өтті;
 - ғарыштық салмақсыздық жағдайына жақын тағамдардың дәмін татты;
 - стилизацияланған скафандр киіп көрді;
 - өздерінің ғарыштық мекен-жайларын тауып, Теміртаудың жұлдызды аспанын жасады.
- Тренинг соңында экскурсанттар «Жас ғарышкер» сертификатын алды.

2023 жылдың 17 сәуірінде Қазақстандық Магнитканың 65 жылдығына орайластырылған «Даңқты істер дәуірі» заманауи зияткерлік – ойын-сауық квизи өтті.

Зияткерлік командалық ойын металлургтер қаласының, Қазақстандық Магнитканың құрылысының кезеңдерінен бастап, өткен ғасырдың ортасында Теміртау тұрғындары қандай әндер тыңдап, қандай билерді билегеніне дейін көрсетеді, сонымен қоса, әрине, жәдігерлерді қолмен ұстап, тарихи кезеңмен жанасуға мүмкіндік берді!

Квиз мұғалімдерге тамаша және заманауи қолдау болды: оларға музей қабырғасында теориялық және практикалық тарихтың симбиозын береді. Әсіресе, 1950-60 жылдардағы Қазақстан тарихының кеңестік кезеңімен байланысты тақырыптарды зерделеу кезінде.

Квизді өткізу үшін «Қала тарихы» залында ойыншыларға тарихи атмосфераға енуге мүмкіндік беретін тақырыптық кеңістік рәсімделді. Командалар (әрқайсысы 2-5 адамнан) 5 раундтан өтіп, 30 сұраққа жауап берді.

2023 жылғы 5 мамырда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі Отан қорғаушы күніне орай «Жас жауынгер курсы» CrossFit – білім беру бағдарламасы іске қосылды.

Бағдарлама ойын форматында оқшауланған бірнеше орында өтті.

- Медициналық комиссия: жас жауынгерлер өздерінің бойын, салмағын, дене ыстығын, қан қысымын өлшеп, медициналық карта толтырды.
- Әскери-саяси дайындық: ҚР Қарулы күштерінің құрылуы, әскери құрылымдар туралы дәріс- сұхбат.
- Байланыс батальоны: Морзе әліппесінің көмегімен құпия әскери құжаттарды оқыды.
- Медсанитарлық бөлім: жарақаттан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйренді.
- Далалық ас үй: қасық пен картоп алып дала жағдайында жылдамдыққа жарысып отырып «тағам әзірледі».
- Артиллерия бригадасы: кара қорапта басқа заттардың арасынан көзбен көрмей тек қолмен артиллериялық снарядты анықтады.
- Жаттығу полигоны: түрлі кедергілерден өтті (шиналар, тақтайлар және т.б.).
- Шақырылу бекеті: әскери комиссардан «Әскери қызметке жарамды» деген куәлік алды.

Бағдарламаға алғашқылардың бірі болып №10 орта мектептің 8 сынып оқушылары қатысты.

2023 жылғы 15 мамырда Халықаралық Отбасы күніне орай «Жанұя» отбасылық тимбилдинг ұйымдастырылды.

Командалық ойын барысында отбасы мүшелерінің әрқайсысы тапқырлық пен зейінділік танытып, біліммен қаруланып, келесі тапсырмаларды орындады:

- музейлік твистер ойнады;
- ақшаның қарабайыр түрлерін анықтады;
- арнайы «магнетизатор» құрылғысының көмегімен құстарды аулады;
- көздерін жұмған ата-аналар балалардың нұсқауы бойынша кірпіш қабырға тұрғызды;
- қасықпен қаруланған балалар ата-аналарының қолдауымен отбасылық бешбармақ рецептін дайындады;
- ежелгі адамға айналды;
- үшбұрыш хаттар жазды.

Ойынға Теміртау қаласының тұрғындары қатысты, тимбилдинг соңында оларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

2023 жылғы 18 мамырда Теміртау тарихи-өлкетану музейінің алдындағы алаңда Халықаралық музейлер күніне орайластырылған «Жәдігер салтанаты» атты музей мерекесі өтті.

10 жыл бойы музей «Жәдігер салтанаты» атты авторлық жобаны жүзеге асырып келеді. Салтанаттың басты кейіпкері - жәдігер, оның айналасында барлық негізгі әрекет өрбиді.

Мерейтойлық оныншы мерекелік салтанат музей жинақтарына, оларды эволюциялық даму призмасы арқылы қарастыруға арналды. Демек, мерекенің атауы «**Прогрессомания**».

Музей алдындағы алаңның қақ ортасында орналасқан тоғыз жинақ, тоғыз экспозициялық блок: **Үтіктер, Таразылар, Ұстаралар, Аяқ киімдер, музыкалық Ойнатқыштар, Сөмкелер, Шоттар, Теледидарлар, Телефондар.**

Мереке қонақтары экспозицияны ғана емес, сонымен қатар 7 шығармашылық тақырыптық аймақтарға барды. Онда олар рубельмен, көмір үтікпен үтіктеуді үйренді, патефонның, бобиналық магнитофонның қалай ойнайтынын естіді, қол сағатын жасады, Тик токқа бейнеролик түсірді, ет тартқышты жинады, сипаттамаға сәйкес сурет жасады.

Музей мерекесіне 504 адам қатысты.

2023 жылдың 31 мамырында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Болашақ үшін есте сақтау» атты көпшілік құжаттық зерттеу жұмысы өтті.

Жариялы деректі зерттеу жұмысы – бұл Теміртау музейінің Қазақстан Республикасындағы Сталиндік қуғын-сүргін дәуірі трагедиясының ауқымын анықтау жөніндегі көп жылғы жұмысының нәтижелерімен Самарқанд кентінің (1945 жылдан-Теміртау қ.) мысалында танысу мүмкіндігі.

Зерттеу жұмысына қатысушыларға, қалалық мектептердің жоғары сынып оқушыларына, теміртаулықтардың құжаттары мен естеліктерінің бұрын соңды жарияланбаған электрондық көшірмелері, біздің өңірдің қуғын-сүргін бойынша статистикасы ұсынылды.

Музей анықтаған құжаттар: тізімдер, арнайы қоныс аударушылар мен ұлттық белгілері бойынша жер аударылғандардың естеліктері, ақталу туралы анықтамалар негізінде КСРО-дағы қуғын-сүргіннің барлық кезеңдері қарастырылды: ұжымдастырудан бастап қылмыстық кодекстің баптары бойынша саяси қуғын-сүргінге дейін.

Құжаттардың өлкетану сипатына көп көңіл бөлінді. Қоғамдық зерттеудің мақсаттарының бірі - тоталитаризм трагедиясының тереңдігін айқындау болды. Қайғылы оқиға алыс жерде, басқа елде, басқа аймақта немесе қалада болған жоқ. Бұл оқиға Қазақстан Республикасының барлық аймағында орын алды, Теміртау қаласының тұрғындарына да әсерін тигізді.

Деректі зерттеудің қорытынды сұрағы: тоталитаризм дәуірінен 90 жылдан астам уақыт өткен соң, мұрағаттық құжаттарды көтеріп, Сталиндік дәуірді жариялап, бұл ақпаратты өскелең ұрпаққа жеткізудің қажеті бар ма?

2023 жылдың 1 маусымында Балаларды қорғау күніне орай «Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясы аясында мектеп жанындағы лагерьлерге арналған «Болашаққа бастар жол!» атты ойын түріндегі бағдарлама ұйымдастырылды.

Ойын барысында балалар «Оқу-өндірістік комбинатына» аттанды, ол жерде аспазшы, дәрігер, құрылысшы және әскери мамандық дағдыларын игерді, сондай-ақ бір кездері аталары мен әжелері пайдаланған жәдігерлердің түпнұсқаларымен танысты.

- Аспаздың ас үйінде экскурсанттар «бешбармақ», «палау» және «чак-чак» дайындауды үйреніп қана қоймай, көкөністерді үлкен жылдамдықта қасықпен тасуды үйренді.
- Қарау кабинетінде ойынға қатысушылар музейлік медициналық тексеруден өтті, сондай-ақ жарақат алғандарға алғашқы медициналық көмек көрсетті.

- Құрылыс алаңында балалар белгілі бір орынды сырлап, тас қалау негіздерін және сылақшы дағдыларын үйренді.
- АӘД кабинетінде - ойыншылар әскери қызмет туралы ұғым алды, жеке қорғаныс құралдарымен (газқағар) жұмыс істеудің практикалық дағдыларын үйренді, әскери киім киіп, кедергілерден (шиналар, тақтайлар және т.б.) өтті.

2023 жылғы 13 маусымда Теміртау тарихи-өлкетану музейінің алдындағы алаңда «Музей қалашығы» мерекесі өтті.

18 жыл бойы «Музей қалашығы» атты музейдің авторлық жобасы жүзеге асырылып келеді. Жыл сайын, бір күн ғана, жазғы демалыс кезінде музей қала қонақтарын қарсы алады. Биылғы жылы біз өткен мерекелерден ең үздік және қызықты шығармашылық тапсырмаларды жинадық, сондықтан мерекені «Тандаулы» деп атадық және музейдің 50 жылдығына орайластырдық.

Мақсатты аудитория - бұл мектеп жанындағы лагерьлердің, балабақшалардың балалары, қала тұрғындары - 14 интерактивті шығармашылық алаңға бара алатын ересектер мен балалар. Мұнда музей жәдігерлері мен тақырыптық тапсырмалар арқылы олар тарихи-мәдени ортаға тап болып:

- құрақ көрпе жасады;
- автопортрет салды;
- музей твистерін ойнады;
- қолдарына білезік жасады;
- спорттық және ұлттық ойындарға қатысты;
- ертегілер театрын тамашалады;
- сиқырлы қораптарда не бар екенін қолмен сезіну арқылы анықтады;
- қорқыныштарын өртеп;
- арман тілектерін жазып;
- көне заттар дүкенінде сауда жасады.

2023 жылғы 21 маусымда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде мектеп жанындағы лагерьлерге арналған «Музейлік ойындар» интерактивті-білім беру бағдарламасы ұйымдастырылды.

Бағдарлама барысында балалар музей порталына тап болды, ол жерде сиқырлы және шытырман оқиғалардың таңғажайып әлемі ашылды, олар келесі қызықты ойындарға қатысты:

- Бірінші аймақта, адам тұрмайтын аралда оларды жеті теңіздің аңызға айналған қарақшысы капитан Джек Воробей қарсы алды. Джек Воробейдің ескегін алу үшін балаларды кедергілер тосты: тастардан өтіп, салда жүзіп, доппен секірді. Бұл кедергілерден өту үшін әртүрлі дәуірлерге жататын заттарды қолданды.
- Сиқырлы орман перісінің екінші аймағында ойыншылар қара қораптан жәдігерлерді тауып, олардың қандай ертегіге жататынын анықтады, және осы ертегілердің кейіпкерлеріне айналды.
- Үшінші аймақта олардың алдында этнографиялық заттардың жарқын әлемі ашылды, онда Баюн Мысық самаурын, үтік, шойын қазан, ертоқым сияқты артефактілерді пайдаланып музей твистерін жүргізді.

Бағдарламаның алғашқы қатысушылары № 14 мектеп лицей лагерьінің оқушылары болды.

2023 жылғы 29 тамызда Конституция күні қарсаңында ҚР Ұлттық ұланының 5516 ә/б базасында «Ата-заң - Тәуелсіздік ел тұғыры» атты зияткерлік квиз өткізілді.

Мерзімді қызметтегі сарбаздардың қатысуымен өткен квиз бірнеше кезеңнен тұрды:

I кезең XV - XVIII ғасырлардағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханының ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағынан бастап, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан Қазақстандағы конституционализм идеясы туралы баяндайтын бейнехроникамен сүйемелденді.

II кезең - архивтік құжаттар мен фотосуреттер көрсетілген экспозициялық блокта бес рет жазылған Конституциядан тұратын Қазақстанның конституциялық құрылысының тарихы, оның ішінде 9 бөлімнен және 98 баптан тұратын 1995 жылғы Конституция туралы баяндалды.

III кезеңде – «қара жәшіктің» құпиясы ашылды.

IV кезеңде - блиц турнир болды.

Дұрыс жауап берген ойыншылар тәтті сыйлыққа ие болды.

2023 жылғы 1 қыркүйекте «Конституцияға саяхат» атты интерактивті музей сабағы басталды.

Музей залдары Конституцияның ашылған беттеріне стильдендірілді, экскурсанттар бір аймақтан екіншісіне өтіп, "Ата Заңның" қалыптасу тарихын зерделеп, әр бапты жекелей қарастырды:

I бөлімде Жалпы ережелер 2 және 9-баптарды зерделеуге бағытталған, онда бейне және деректі материалдар, ойын сәттері арқылы экскурсия жүргізушісі мемлекеттің біртұтастығы, ел Президенті, ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы баяндады.

“Адам мен азамат” деп аталатын II бөлімде "ҚР азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқорлық жасауға міндетті" деген 37-бапты зерделей отырып, экскурсанттар археологиялық экспедицияның ізімен жүріп өтіп, Сарыарқаның киелі жерлеріне аттанды: Алаш хан кесенесі, "Теректі әулие" петроглифтері, Беғазы археологиялық кешені және т. б.

38 - бапты зерделей отырып - "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті" деген тұжырыммен танысты.

Қатысушылар күзгі-қысқы аң аулау маусымының ашылуына қатысты, аң аулауға рұқсат алып, нағыз "Құсбегі" атанды.

24-баптың 1-тармағы былай дейді:

"Әр адамның еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар", бұл бөлімде Теміртаудың табысты тұлғаларымен танысу өтті.

Парламент деп аталатын IV бөлімде жобаға қатысушылар ойындар, ситуациялық мәселелер арқылы заңнамалық функцияларды жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органымен танысты.

VII бөлім Соттар мен сот төрелігі, стильдендірілген сот залына кіріп, экскурсанттар ашық сот отырысының атмосферасына еніп, оның қатысушысы болды.

2023 жылғы 13 қыркүйекте №31 ЖББМ базасында А.Байтұрсыновтың туған күніне және Қазақстан Республикасының Тілдер күніне арналған «Тіл –халық даналығы» зияткерлік тренингі басталды.

Тренингке қатысушылар музейлік бірегей жәдігерлері арқылы, оның ішінде XIX ғасырдың араб тіліндегі Құран кітабы, XIX ғасырдың соңындағы шіркеу-славян тіліндегі Інжіл, арабша өрме жазуы бар күміс Дирхем монетасы, М. Жаңабергеновтың 1938 ж. латын әліпбиін пайдалана отырып жазылған қазақ тіліндегі мандаты мен куәлігі арқылы Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін тілдің қалыптасу процесін зерделей алды, петроглифтерден, түркі руникалық хаттарынан және латын графикасына негізделген қазіргі қазақ әліпбиіне дейінгі қазақ жазуының тарихымен танысты. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың тілдесуінің ерекше формаларын көрсету үшін экспозицияда зағиптарға арналған кітаптар, Брайль бойынша жазу дағдыларын үйретуге арналған құралдар көрсетілді.

Экскурсанттар тілдерді меңгеру сынақтарынан өтіп, интерактивті ойын сәттеріне қатысты: көсемге жолдама жазды, «қара жәшіктің» құпияларын ашты және жәдігерлердің атауын үш тілде атады, «тілдік» мұнара салды, руникалық және араб әріптерін жазды, саңырау-мылқау тілін үйренді.

2023 жылғы 22 қыркүйекте Еңбек күніне орай «Үздіктер үлгісінде» коуч-тренингі басталды.

Тренингті өткізу үшін музей жәдігерлері мен сирек кездесетін артефактілерді пайдалана отырып, 5 экспозициялық аймақ ұйымдастырылды, олардың әрқайсысының орталығы ретінде аспазшы, дәрігер, құрылысшы, металлург және әскери мамандықтардағы көрнекті

қайраткерлердің бейнепортреттері болды. Коуч-тренинг өткізу үшін ұсынылған мамандықтар бойынша балаларға сәйкес арнайы киім тігілді.

- Аспазшы мамандығы. Француз аспазы, қысқы салат рецептінің авторы Люсиен Оливьенің өмірі мен шығармашылығымен танысу. Аспазшы мамандығының тарихын зерттей отырып, экскурсанттар тамақ дайындау дағдыларын үйренді. Аспаздың арнайы киімі қалай қолданылатынын білді. Қасықтармен қаруланып, олар жылдамдықпен ингредиенттерді орнынан басқа жаққа ауыстырды.
- Дәрігер мамандығы. «Медициналық кабинет» орналасқан жерде ойынға қатысушылар атақты ғалым, дәрігер Авиценнаның өмірбаянымен танысты. Тренингке қатысушылар жарақат алған және зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйренді.
- Металлургия. Metallург мамандығымен атақты болат қорытушы, ҚазКСР еңбек сіңірген металлургы, КСРО-ның Құрметті металлургы Арғын Жүнісовтың өмірбаяны арқылы танысты. Экскурсанттар «Пионер балқытуларына» қатысып, болат алудың қиындығы және дайын өнім - арматураны жасаудың құпияларымен танысты.
- Құрылысшы мамандығы. Балалар атақты тас қалаушы, қаланың алғашқы құрылысшысы Үкен Тұрмағамбетовтың өмірбаянын зерттеді. Қатысушылар құрылыс алаңының атмосферасына еніп, тас қалау негіздерін және сылақшы-безендірушінің өнерін үйренді, қытай қабырғасын қалады.
- Әскери мамандық. Әскери плацдармда Қазақстанның Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмірбаянымен танысты. Оның тәжірибесіне, қаһармандығы мен батылдығына сүйене отырып, олар соғыс тактикасын, жеке қорғаныс құралдарымен (газқағар) жұмыс істеудің практикалық дағдыларын үйренді, әскери киім киді және т. б.

2023 жылғы 3 қазанда «мәдени отырыс» форматында Қарттар күніне және Қала күніне орайластырылған «Жан жылуы» атты іс-шара өтті.

Шақырылған қонақтар XX ғасырда танымал фильмдер мен музыкалық композицияларға байланысты интеллектуалды квизға қатысты. Квиз 3 кезеңнен тұрды.

Іс-шараға тиісті атмосфера беру үшін шағын экспозиция құрылды. Оны жасау үшін кинопроектор, радиола, жиһаз және XX ғасырдың ортасында қолданылған басқа да заттар пайдаланылды. Экспозиция қонақтарға өткен дәуірдің лебін сезініп, жастық шақтарын еске алуға мүмкіндік берді.

Іс-шараға орта және егде жастағы Теміртау қаласының тұрғындары қатысты.

2023 жылғы 17 қазанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі «Әйелдер гимназиясы» КММ базасында Рухани келісім күніне орай «Әлемдік діндер тарихы» атты көшпелі экскурсиясы өткізді.

Музей жәдігерлерінің, архивтік фотоматериалдардың көмегімен экскурсанттар әлемдік діндердің тарихымен танысты.

Экскурсия барысында XVIII-XX ғасырларға жататын 30-дан астам шынайы діни ғибадат заттары көрсетілді:

- XVIII ғасырда Түркияда жарық көрген араб тіліндегі Құран;
- XIX ғасырдың соңындағы шіркеу-славян тіліндегі Інжіл;
- XVIII ғасырға жататын православиелік иконалар;
- XX ғасырдың басындағы Ескідәстүрлік крест;
- Діни рәсімдерді өткізуге арналған заттар;
- Имамның дәстүрлі киімі;
- Православиелік және католиктік дін қызметкерінің толық киімі және т. б.

2023 жылғы 18 қазанда дөңгелек үстел форматында Рухани келісім күніне орай «Толеранттылық тұрғыда әлемдік діндер тарихы» тақырыбында сұхбат өтті.

Дөңгелек үстелге қатысушылармен әлемдік діндер мен діни толеранттылық негіздеріне қатысты мәселелер қаралды.

Осыдан тура 20 жыл бұрын Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезі өтті. Мультимедиялық көрсетілімнің арқасында әлемдік діндердің барлық жеті съезінің тарихы баяндалды.

Қонақтарға «Дін тарихы діни ғибадат заттары арқылы» экспозициясында ұсынылған музей жәдігерлерімен жұмыс ұсынылды, онда әртүрлі конфессиялық бағыттардағы рәсімдерді өткізу үшін 50-ден астам бірегей жәдігерлер көрсетілді.

Діни төзімділікті анықтау үшін жедел сауалнама және тест өткізілді. Рефлексия-өзін-өзі талдау әдістерін пайдалана отырып, рөлдік жағдайлар форматында толеранттылық мәселелері қозғалды.

2023 жылғы 20 қазанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Республика күніне орай «Республика игілігі» музейлік тренингі басталды.

Тренингтің мақсаты қатысушыларды экономиканың дамуына және елдің өркендеуіне өз үлестерін қосқан республикамыздың көрнекті тұлғаларымен және Теміртау қаласының кәсіпорындарымен таныстыру. Тренинг өткізу үшін музей жәдігерлері мен сирек кездесетін артефактілерді пайдалана отырып, экспозициялық аймақтар ұйымдастырылды. Тренинг өткізу үшін ұсынылған мамандықтарға сәйкес арнайы киім тігілді.

Тренинг ғарыш кеңістігін игерген қазақстандықтардың өмірбаянымен танысудан басталды: Т.Әубәкіров, Т. Мұсабаев және А. Айымбетов. Тренингке қатысушылар сынақшы- ұшқыштың бас киімінің түпнұсқасын киіп көрді; стильдендірілген скафандр киіп, ғарыштық салмақсыздық жағдайына жақын тағамды сынады;

Дәрігер мамандығымен танысу үшін қатысушыларға «Теміртау қаласының көпсалалы ана мен бала орталығы» денсаулық сақтау ұйымы туралы әңгімелейтін медициналық құралдар ұсынылды: бикстер, жедел жәрдем қобдишасы, балалар таразысы, шприцтер, стетоскоп, лотоктар және т.б. Тренингке қатысушылар жүрек соғу жиілігін өлшеуді, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйренді.

Экскурсанттар «Имсталькон-Теміртау» ЖШС атты фотошежіренің көмегімен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының соңында Астанада «Бәйтерек» монументінің құрылысына шолу жасап, көне және күрделі мамандықтардың бірімен танысып, құрылыс алаңының атмосферасына еніп, тас қалау негіздерін үйренді.

Наубайшы мамандығымен ойыншылар «Дәмды нан» сауда маркасының нан-тоқаш өнімдері арқылы танысты. Тренингке қатысушылар нан-тоқаш өнімдерін шығаратын цехтарда болып, ескі рецепттер бойынша көкнәр қосылған тоқаш дайындады.

Физика-химиялық талдау зертханашысы мамандығымен танысу «REN-Milk» ЖШС сүт өнімдерін зерттеуден басталды. Экскурсанттар сүт өнімдерінің алуан түрін көрді: йогурттар, сулугуни, балмұздақ, сүзбе, биокефир және т.б., сонымен қатар өз бетінше нағыз құрт дайындады.

Металлург мамандығымен «АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік қоғамы - қала құраушы кәсіпорынның жәдігерлері мен мұрағаттық құжаттары негізінде танысты. Экскурсанттар достық балқытуына қатысып, болат алудың қиындығымен танысып, дайын өнім – арматураның қалай жасалатынын білді.

2023 жылғы 15 қарашада Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Ұлттық валюта күніне орай «Теңге құпиялары» ғылыми-зерттеу зертханасы өз жұмысын бастады.

Алғашқылардың бірі болып ҚарМИУ студенттері қатысты, олар ұлттық валюта тарихындағы 25 қызықты деректермен танысып, құпияларды ашты.

Нумизматикалық зертханада экскурсанттар екі мыңдық вексельдерді алып, сарапшылардың көмегімен олардың қорғаныс дәрежелерін анықтады.

Студенттер «proof» сапалы күміс монеталардың көмегімен қара жәшіктің құпияларын ашты.

2023 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-тұғырым!» атты брейн-ринг форматында зияткерлік ойын басталды.

Ойын 2 турдан тұрды. Ойыншылар екі командаға бөлінді. Әр турда әр дұрыс жауап үшін команда I ұпай алды. Ұпайлар саны таблоға шығарылды. Ең көп ұпай жинаған команда ойынның жеңімпазы болады.

I тур «Сұрақ-жауап». Ойыншылар Қазақстан тарихы, қазақ халқының салт-дәстүрлері бойынша білімдерімен жарысты.

II тур «Қара жәшік». Қара жәшікте жәдігерлер жасырылған, ойынға қатысушылар сұрақтарға жауап бере отырып, қара жәшіктің ішіндегі заттарды тапты. Қатысушылардың назарына 1995 жылы Қазақстанда шыққан номиналы 500 теңгелік алғашқы банкноттар, «ргоof» сапа монеталары, ҚР Конституциясы, құдағи жүзік, қамшы ұсынылды.

Ойын қорытындысы бойынша №10 ЖББМ командасы жеңімпаз атанды. Жеңімпаз команда диплом мен естелік сыйлыққа Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің «Орталық Қазақстанның үлкен металлының бастауы» авторлық кітабына ие болды.

25 желтоқсан күні Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Жаңа 2024 жыл қарсаңында жаңа жылдық «Қаптарға жорық» атты музейлік шытырман ойын басталды.

Музей залдарында 12 аймақ орналасқан. Жорықтың басында ойынға қатысушылар тапсырмалары бар аймақтардың тізімі көрсетілген нұсқаулық пен себет алды. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін ойыншылар қаптарды жинап, тек соңғы шайқаста оларды жүлдеге айырбастай алды.

- «Жаңа жылдық шабадан» аймағы.Көздерін жұмған ойыншылар Жаңа жылға қатысты 7 затты қораптан алып шабаданға салды.
- «Сиқырлы гардероб» аймағы.Ойынға қатысушылар өздеріне лайықты ертегі бейнесін таңдап, селфи жасады.
- «Жаңа жылдық балық аулау» аймағы.«Қармақ» құрылғысының көмегімен, экскурсанттар пазлдың бөліктерін раманың ішіне жинап, суретті толықтай құрастырды.
- «Қысқы ринг» аймағы.Жаңа жылдық қолғаптарды киіп, рингтегі ойыншылар жүгіріп отырып шелекке конустар мен кесектерді жинады.
- «Жаңа жылдық твистер» аймағы.Команда бойынша экскурсанттар қолдары мен аяқтарын жәдігерлердің атауына сәйкес түстерге қойып шықты.
- «Жұмбақ қалам» аймағы.Ойынға қатысушылар қораптан таңдауы бойынша жұмбақтар алып, жауабын жұмбақ қаламның көмегімен жазды.
- «Қасиетті ағаш» тілектер орындалатын аймақ.Ойыншылар таспаға өз тілектерін жазып, оларды сиқырлы бұтаққа байлады.
- «Музей жұлдызнамасы» аймағы Стендтегі тізімнен экскурсант өзінің туған күнін, айын және жылын тауып, оларды үйлестіре отырып, музейде қандай жәдігер болғанын біле алды.
- «Менің әжемнің балалық шағы» фотоаймақ.Ретро аймақ, онда экскурсанттар XX ғасырдың 50-60-шы жылдарына аттанып, естелік фотосурет жасады.
- «Шаңғы» аймағы.Шаңғымен сырғанау кезінде ойыншылар заттарды кәсіптермен сәйкестендіріп қойып шықты.
- «Қаптар сайысы» аймағы.Соңғы ойын, онда ойыншылар себетке жиналған барлық қаптарды сандыққа лақтырды. Неғұрлым көп түсірсе, соғұрлым тәтті сыйлық алу мүмкіндігі артады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша, жаппай ғылыми - ағарту жұмыстарының көрсеткіштерін қанағаттанарлық деп санауға болады. Жұмыстың жаңа әдістері – коуч-тренингтер, квиздер, адвентура ойындары.

6. Онлайн жұмыс.

Бір жыл ішінде әлеуметтік желілерде 7 виртуалды жоба іске асырылды, онда қазақ тілінде 122 шығарылым, орыс тілінде – 129 шығарылым жасалды. 68 ақпараттық роликтер шығарылды.

1 265 258 адам қамтылды.

Жоба	Шығарылымның атауы мен нөмірі	Формасы	Қаралымдар
Музей тәжірибелері	Телефонның дамуы	Тарихи тәжірибелер	6 025
«Тарихи сәйкессіздік»	Шығарылым № 134 - 184	Фотожұмбақ	528 277
Ай жәдігері	1-12 Шығарылымдар	экспозиция	32 515
Промороликтер	1-17 Шығарылымдар	проморолик	98 912
«Теміртаулықтардың өмірінен шағын оқиғалар» айдары	1-38 Шығарылымдар	бейнеролик	242 697
Мәтін жарияланымдары	1-33 Шығарылымдар	бейнеролик + пост	150 694
Тікелей эфир	1-5 Шығарылымдар	онлайн режимде ашылуы	1380
«Блогердің тарихи жорығы»	1-12 Шығарылымдар	бейнекөріністер	34 097
Тақырыптық бейнесюжеттер	1–10 Шығарылымдар	бейнероликтер	52 469
Барлығы:			1 265 258

2023 жылдың қорытындысы бойынша музейдің онлайн өнімі сұранысқа ие, бірақ көрерменді біркелкі жұмыс түрі қызықтырмайды. Біркелкілік музейдің техникалық дайындығының нашарлығынан және бағдарламашы мамандардың жоқтығынан туындайды. Бұл ретте қызметтің бұл түрі музей үшін бейіндік болып табылмайды. Көрерменді музей залдарына қайтару үшін репортаж санын біртіндеп азайтудамыз. Бүгінгі таңда біз жарияланымдардың нысанын өзгерттік, ақпараттық форматтан жарнамалық-қызықтыру форматына көштік.

7. Музейдің әдістемелік жұмысы.

Есепті жылы музейдің әдістемелік іс-шаралар тізбесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Музейдің ғылыми-әдістемелік кеңесінің жаңа құрамы жасақталды.

«Теміртау қаласының Қалалық білім бөлімі» ММ-нің көмегімен Теміртау қаласының оқу орындарымен музей сабақтары мен білім беру бағдарламаларын өткізу туралы меморандумдар жасалды. Музей базасында өлке тарихын зерделеу бойынша «Қала мектептері оқушыларының ғылыми-зерттеу бірлестігі» жұмысын жалғастырды.

Музейдің ғылыми құрамы қалалық және облыстық тарих байқауларының қазылар алқасының мүшелері болып табылады.

Музей клубтарының жұмысы:

«Т-АРТ» клубы

Жыл бойы музейде музей қызметкерлерінің бастамасымен ұйымдастырылған «Т-АРТ» қала суретшілерінің клубы жұмыс істеді. Клуб ай сайынғы отырыстарды өткізеді. Олар бір көрме ұйымдастырып, дайындады. Клуб мүшелерінің пленерге шығуына бастама жасалды. Клуб жанынан құрылған көркемдік кеңес жас және жаңадан бастаған суретшілер арасында мәдени-білім беру жұмыстарын жүргізеді.

«Нумизмат» клубы «Коллекционер» клубы музейдің «Нумизматика» залында жұмыс істейді. Олар отырыстарды тоқсанына бір рет өткізеді. Клуб мүшелері қаланың нумизматтары үшін кеңес береді. Өз коллекцияларын көрсетіп, алмасу жүргізеді.

«Атамекен» клубы

Теміртау қаласының мұрағаттарында ғылыми материалдарды жинау және өңдеу жұмыстары жүргізілді.

«Барлығына арналған музей» әлеуметтік жобалары - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған бейімдеу бағдарламалары іске асырылды. Осы бағдарлама аясында «Радуга» ҚБ, «Барс» ҚБ, мүгедектердің бос уақыты ТМУ КМК жұмыс істеді. Жоба аясында «Тактильді сәулет» атты жаңа экспозиция ашылды.

Келесі музейлерге ТЭЖ әзірлеуге көмек көрсетті:

- Теміртау қаласының Достық үйі
- Теміртау қ. Қарағанды индустриялық университеті

Үкіметтік емес ұйымдармен: ұлттық мәдени орталықтармен, діни бірлестіктермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізілді.

ҚР көрнекті саяси қайраткерлерінің мерейтойына арналған ғылыми-зерттеу жобаларының конкурстарын, Теміртау қаласының тарихын зерттеуді насихаттау мақсатында Теміртау қаласының тарихи оқиғаларын, музейді зерттеу тақырыптарына суреттер конкурстарын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді.

8. Баспа қызметі және БАҚ.

Ғылыми кітапхана және ғылыми мұрағат.

Музей ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша келесі баспа басылымдарын шығарды:

№	Мақала атауы	Басылым атауы	Авторы	Басылым мерзімі
	«Қуғын-сүргінге ұшыраған балалық шақ»	Вечерняя Газета № 22 31 мамыр 2023 ж.;	Хмелева Т.В. – ТТӨМ аға ғылыми қызметкері.	2023 ж. 31 мамыр
	«Үлкен металлдың бастауы»	журнал «Мәдени мұра» № 4.	Трещева С.П. – ТТӨМ аға ғылыми қызметкері.	2023 ж. қараша
	«Теміртау (Самарқанд кенті) Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жылдарда: оқиғалар мен деректер».	«Юмор FM» радиосында «Сұхбаттар» бағдарламасы	Хмелева Т.В. – ТТӨМ аға ғылыми қызметкері.	2023 ж.

Ғылыми қызметкерлер онлайн режимінде шығарылған және 7 әлеуметтік желіде орналастырылған роликтер үшін ғылыми мәтіндер жазды.

Пән мұғалімдеріне көмек ретінде 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда қолдану үшін тақырыптық «Музей сабақтары – экскурсиялар» тізімі бар ақпараттық анықтамалық шығарылды.

Келушілерді қызықтыру және жарнама мақсатында өткізілетін экскурсиялар тақырыбы ұсынылған басылымдарды қаладағы оқу орындарына тарату ұйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде және қор жинағының көрмелері бойынша кітапшалар басылып шығарылды.

Есеп беру кезінде Теміртау музейінің жұмысы туралы **68 мақала жарияланды** және Теміртау қаласының, Қарағанды облысының және республиканың теледидар арналары бойынша **12 репортаж көрсетілді.**

Музей қызметкерлері Теміртаулық бұқаралық ақпарат құрал журналистерімен тығыз байланыста жұмыс істейді, оларға мақалаларына ақпарат дайындауға көмектеседі.

Ғылыми қызметкерлер қаланың TV компаниялары үшін сюжеттерге сценарий дайындап, және де сол репортажды түсіруге тікелей қатысты.

Жыл бойы музейдің келесі әлеуметтік желілерінде материалдар жарияланды:

- «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» ресми сайт - <http://museum.temirtay.kz/>
- «Одноклассники» - <https://ok.ru/profile/587384616207>
- «ВК» - <https://vk.com/id384276791>
- «Facebook» - <https://www.facebook.com/Темиртаускиймузей>
- «YouTube» - https://www.youtube.com/channel/UCyX8PgdiPqrBqhmpIH_8zLw/videos?view_as=subscriber
- «Instagram» - <https://instagram.com/temirtau.muзей?igshid=m0h4yt7ax10>
- Телеграмм-канал - @museumtemirtau

9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.

Ақылы қызметтің негізгі ауыртпалығы қала оқушылары үшін жүргізілетін экскурсияға түседі. Ұйымдастырушы-экскурсоводпен жүйелі хабарландыру жарнамасы, оқу үрдісінде музейлік педагогиканы қолдану әдістемелігі дайындалып, осының арқасында көрсететін ақылы қызмет көлемі кеңейтілді.

Музейді зерттеу бойынша ақылы кеңес беріледі. Қорда сақталатын құжат және фото материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінде көрсетілетін негізгі ақылы қызметтер:

- экскурсиялар (стационарлы және сырттай)
- қала бойынша экскурсиялар
- жеке келушілер
- Тақырыптық экспозицияларды құрастыру және ашу
- әдістемелік ұсыныстарды тарату
- ғылыми қызметкерлердің ақылы кеңестері.

10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.

КМҚК «Теміртаулық тарихи-өлкетану музейі» облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Бюджет қаржысынан экспозицияны қалыптастыруға және іс-шараларды өткізуге қажетті материалдар сатып алынды

Меншікті қаражаттан 720,0 мың теңгеге 2 жаңа компьютер сатып алынды.

Бүгінгі күнде музейдегі техникалық жабдықтар:

- Компьютерлер – 8 дана.
- Принтерлер – 3 дана.
- МФУ – 2 дана
- Проектор – 1 дана.
- Телевизор СК - 1 дана.
- Акустикалық жүйе – 1 дана
- Аудио гид - 25. Дана
- Сенсорлық видео-панель - 1

Теміртаулық музейдің материалдық -техникалық базасын жақсарту үшін қажет:

- автобус
- калориферлер
- климатбақылаушы құралдар
- музейлік жаңа құрал-жабдықтар
- реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткіш
- Проекциялық құрал

11. Музей қорғанысы.

«Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын күзетшілер қорғайды. Музейдің ішкі және сыртқы аумағы бойынша бейнебақылау орнатылды.

12. Қорытынды.

Экскурсия көлемін ұлғайту үшін 2022 жылы ғылыми-жинақтау жұмыстары жүргізілді, бұл бұрын ашылмаған жаңа тақырыптар бойынша экспозицияларды ашуға мүмкіндік берді.

Жұмыс дәрежесін жақсарту үшін қажет:

- Штатқа музейлік педагог, өнертанушы, программист, дизайнер ставкаларын енгізу;
- Қауіпсіздікті және музей аптасына 6 күн жұмыс істеу мүмкіндігін жасау үшін 4 қараушы мөлшерлемесін қосу;
- Автобус сатып алу және жүргізуші ставкасын енгізу.
- Сырттай жүргізілетін көрме үшін тақырыптар тізімін кеңейту
- Келісімді -экскурсиялық қызметін көрсету жүйесіне көшу.
- Экспонаттар сатып алу үшін бюджетке жалпы соманы енгізу
- Музейге келушілердің санын көбейту
- «Туған өлке табиғаты» залын реэкспозициялау
- Ғылыми- зерттеу және жинақтау қызметінің саласын кеңейту.
- Көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейту
- Жұмыс жағдайын жақсарту

13. 2023 жылға қойылған міндеттер

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жанарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени–жаппай және туристік–экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Теміртау тарихи - өлкетану
музейінің басшысы:

Н.Скорикова

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі 6 әлеуметтік желіде және 2 бейне хостингте - YouTube және Tik Tok - жұмыс істейді.

В контакте



Одноклассники




Twitter




Facebook



Instagram



Telegram



Tik Tok

